

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Республиканский научно-практический центр «Дарын»**

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін пәндер
бойынша республикалық олимпиаданың
I – IV кезендерін ұйымдастыру мен өткізуге арналған
әдістемелік нұсқаулар**

**Методические рекомендации
по организации и проведению I – IV этапов
республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам
общественно-гуманитарного направления**

Нұр-Сұлтан – 2021 ж.

ББК 74.26

Г 91

Под редакцией *Нуркешова Т.С.*

Методисты ответственные за издание *Кудабаева С.Е., Аблеметов Е.Б., Кальчевская Е.Н., Турсынбекова Г.Ж., Жарлаганова З.М.*

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I – IV кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар - Нұр-Сұлтан: «Дарын», 2021ж. - 138 б.

Көмекші құралда мектептік, аудандық, облыстық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық) олимпиадаларды және республикалық олимпиадасының ұйымдастыру мен өткізу дiңәдiстемелiк тәсiлдерi берiлген.

Авторлар олимпиадалық кезеңдердiң мазмұны мен ерекшелiктерiне негiздi талдаулар бередi, олимпиадалар өткiзудiң түрлерi мен мысал тапсырмаларын, оларды бағалау критерийлерiн ұсынады.

Бұл құрал барлық мектептердiң 9-11 сынып оқушыларына, жеке пән мұғалiмдерiне, мектеп, аудан, облыстық олимпиадаларды ұйымдастырушыларға арналған.

Методические рекомендации по организации и проведению I – IV этапов республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам общественно-гуманитарного направления – Нур-Султан: «Дарын», 2021 г. – 138 с.

В пособии освещаются вопросы организации и проведения школьных, районных, областных (городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент) и заключительного этапов республиканской олимпиады школьников по общеобразовательным предметам.

Авторы дают обоснование содержанию и особенностям указанных этапов олимпиады, предлагают различные формы их проведения, примерные задания и критерии их оценивания.

Пособие предназначено для учащихся 9-11 классов всех типов школ, учителям-предметникам, организаторам школьных, районных, областных этапов олимпиад.

18-е переиздание.

Рекомендовано к изданию учебно-методическим советом РНПЦ «Дарын» Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Г 4306010000
00(05) - 99

ISBN 9965 - 522 -00 - 6

© «ДАРЫН», 2021

Компьютерный набор и верстка
выполнены в РНПЦ «ДАРЫН»

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Кіріспе.....	4
Введение.....	7
Қазақстан тарихы.....	10
История Казахстана.....	27
Қазақ тілі мен әдебиеті.....	44
Орыс мектебіндегі қазақ тілі.....	49
Основы правождения.....	52
Русский язык и литература.....	74
Русский язык в школах с казахским языком обучения.....	92
Шет тілдері.....	112
Өзін-өзу тану.....	139

КІРІСПЕ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білім берудің беделін көтеру.

Олимпиаданы орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларына сәйкес әрбір пән мен сынып бойынша тиісті білім беруді басқару органдары оқу жылы барысында төрт кезеңде өткізеді:

- бірінші кезең - мектептік;
- екінші кезең - аудандық;
- үшінші кезең - облыстық;
- төртінші кезең - республикалық.

Бірінші кезең – мектеп олимпиадасы. Өтетін уақыты – ағымдағы оқу жылының қараша айынан кешіктірілмей білім беру ұйымдарының дайындаған тапсырмалары бойынша өтеді. Оның нәтижесі бойынша аудандық олимпиадаға қатысатын мектеп командасы анықталады.

Екінші кезең – аудандық (қалалық). Аудандық кезеңді аудандық және қалалық білім беруді басқару органдары өткізеді.

Үшінші кезең – облыстық олимпиада. Облыстық кезеңді облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары өткізеді.

Олимпиаданың үшінші кезеңіне екінші кезеңнен іріктеліп алынған жалпы орта білім беру ұйымдарының ең үздік үш оқушысы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, «НЗМ» ДБҰ және РБҰ үшін – алты оқушы қатысады.

Төртінші кезең – республикалық. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республиканың әртүрлі өңірлерінде өткізіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңіне үшінші кезеңнің жеңімпаздары (нәтижелеріне сәйкес әр сынып және пән бойынша екі қатысушыдан артық емес) жаратылыстану-математика бағытындағы пәндері бойынша 9-11 сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 10-11 сынып оқушылары, сондай-ақ олимпиадалық резервтің оқу-жаттықтыру жиыныны қатысушылары қатысады.

Олимпиаданы ұйымдастыру

Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерін өткізу уақыты және Олимпиаданы өткізу тізбесі жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен белгіленеді.

Олимпиаданың өткізілетін жері мен уақыты шешім қабылданған кейін бірден хабарлануы керек. Олимпиаданы өткізу үшін олимпиада өткізуге сай базасы бар жақсы мектепті немесе жоғары оғу орнын таңдап алу керек. Мүмкіндігінше бір сыныптың оқушылары бір аудиторияда және бір партада тек бір ғана бала отырғаны жөн.

Теориялық турды өткізу үшін әрбір сыныпқа жеке, жарық, әрі парталарының саны жеткілікті (әрбір қатысушыға жеке парта) аудиториялар бөлінуі тиіс.

Әр сыныпта тәртіпті бақылайтын кезекші мұғалім болуы тиіс. Кезекші мұғалім оқушылар ұялы телефон, әдебиет немесе шпаргалка қолданбауын қадағалауы тиіс. Аудиториядан оқушылар медициналық көмек немесе басқа бір өте қажетті жағдайда болмаса шықпағаны жөн. Бұл жөнінен оқушыларға олимпиадаға дейін-ақ ескерту керек.

Әр оқушы олимпиада тапсырмаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтінімен қамтамасыз етілуі керек. Тапсырма мәтінін, әсіресе цифрлар мен формулаларды қазылар алқасы мұқият тексергені жөн.

Жұмыстар белгілі ережелерге сәйкес көркемделуі тиіс. Әрбір турдың тапсырмалары жеке оқушы дәптерлерінде орындалады. Дәптердің екінші жартысын шимай жазулар үшін пайдаланып, бірінші жартысына шешімдерді таза түрде жазу қажет. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы (облыстық білім департаментінің жауапты адамы) жұмыстарды тексерер алдында шифрлауы қажет. Қазылар алқасы өз әрекеттерінде аса әділ болуы тиіс. Қатысушылар мен олардың жетекшілерінің пікірлеріне аса ұқыптылықпен қарағаны жөн. Турды өткізіп болысымен есептердің шешімі көрнекті жерге ілініп қоюы тиіс. Тексеру нәтижелері хабарланғаннан кейін міндетті түрде жұмыстардың координациясы және тапсырмаларды талқылау өткізіледі, олимпиаданың ақтық қорытындылары оны ескере отырып шығарылады.

Координация өткізу тәртібі

Координация қорытынды жарияланған күні өтуі тиіс. Координацияның мақсаты - қатысушылар мен қазылар алқасы мүшелерінің арасында толық түсіністік орнату.

Координацияға оқушының теориялық ойы емес, дәптерге жазғаны ғана түседі. Сондықтан координация кезінде ештеңе қосып, түзетілмеуін қадағалау керек. Координацияға тек қатысушы, қазылар алқасының төрағасы және осы есепті тексерген қазылар алқасының мүшесі қатысады. Координация өзара түсіністік жағдайда ғылыми талас сияқты өтуі керек. Оқушы келіспеген жағдайда ұйымдастыру комитетінің төрағасына өтініш жазып, олар мәселені шешу мақсатында комиссия құрады. Координация нәтижесінде әділ қазылар алқасының жіберген үлкен қателіктері болмаса, бұрын қойған ұпайды төмендетуге болмайды.

Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша республикалық әдістемелік

кеңес дайындайды және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекітеді.

Барлық төрт кезеңнің тапсырмалары «Дарын» РҒПО бекіткен әдістемелік ұсынымдамаларға сәйкес өлшемдер мен параметрлер бойынша бағаланады.

Көбіне мектептік, аудандық кезеңдердің ұйымдастырушылары тапсырма дайындауда қиындықтарға кезігіп қалады. Осыған байланысты: мазмұн іріктеуді жүйелеу, мектептік және аудандық кезеңдерге тәжірибелік көмек беру мақсатында «Дарын» РҒПО-ғы мұғалімдер мен оқушыларға олимпиадаларға мақсатты түрде дайындалу үшін осы әдістемелік құралдарды ұсынады.

ТАБЫС ТІЛЕЙМІЗ.

ВВЕДЕНИЕ

Основными целями и задачами Республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам являются: развитие творческих способностей, углубление теоретических знаний и практических умений, содействие самореализации личности, создание условий для выявления одаренных детей, повышение престижа образования в Республике Казахстан.

Олимпиада проводится на протяжении учебного года в четыре этапа соответствующими органами управления образования по программам среднего и общего среднего образования, по каждому предмету и классу:

- первый этап – школьный,
- второй этап – районный,
- третий этап – областной,
- четвертый этап - республиканский.

Первый этап – школьная олимпиада. Время его проведения – не позднее ноября текущего учебного года по заданиям, подготовленными соответствующими органами управления образования. По ее результатам формируется команда школы для участия в районной олимпиаде.

Второй этап – районный (городской). Районный этап проводится районными и городскими органами управления образования.

Третий этап – областной. Областной этап проводится областными, городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент управлениями образования, республиканскими организациями образования и автономной организацией образования «Назарбаев Интеллектуальные школы».

На третьем этапе Олимпиады участвуют три участника, отобранные по результатам второго этапа, для городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент, для АОО «НИШ» и РОО – шесть участников.

Четвертый этап – республиканский. Проводится по предметам естественно-математического направления и по предметам общественно-гуманитарного направления в разных регионах республики.

На четвертом этапе Олимпиады принимают участие победители третьего этапа (в соответствии с результатами, не более двух участников по каждому предмету и классу). Учащиеся 9-11 классов по предметам естественно-математического направления и учащиеся 10-11 классов по предметам общественно-гуманитарного направления. А также участники учебно-тренировочных сборов олимпийского резерва.

Организация олимпиад

Сроки вторых, третьих, четвертых этапов и перечень Олимпиады ежегодно устанавливаются приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее – Министерство).

Местом проведения следует выбрать лучшие школы или вузы, имеющие достаточную базу для проведения экспериментального тура олимпиады. Для проведения теоретического тура каждому классу предоставляется отдельная

аудитория с хорошим освещением и с достаточным количеством парт (из расчета отдельная парта для каждого участника).

Олимпиаду следует начинать в утренние часы, например, 9.00 или 10.00. В каждой комнате должен быть наблюдатель или дежурный преподаватель. Дежурный преподаватель должен следить также затем, чтобы никто из участников не пользовался сотовыми телефонами, литературой или шпаргалками. Выход из аудитории должен быть сведен к минимуму. Об этом участников следует предупредить до начала олимпиады.

Каждый участник должен быть обеспечен текстом заданий олимпиады на русском или казахском языках. Текст задач, особенно цифровые данные и формулы должны быть тщательно проверены членами жюри.

Оформление работ должно соответствовать определенным правилам. Задания каждого тура должны выполняться в отдельной ученической тетради. Вторую половину тетради следует использовать для черновых записей, а в первую половину записывать задание в чистом виде. Не разрешается расшивать листы тетради. Выполненные работы перед проверкой должны быть зашифрованы председателем оргкомитета. После объявления результатов проверки в обязательном порядке проводится разбор заданий и координация работ участников, окончательные итоги олимпиады подводятся с учетом ее результатов.

Порядок проведения координации

После разбора заданий по желанию участников проводится координация выполненных работ. Координация должна проводиться в день объявления результатов. Цель координации - достижение полного взаимопонимания между участниками и членами жюри в оценивании работ.

Координироваться должно только то, что написано в тетради или на бланке ответов, а не теоретические рассуждения участника. Поэтому при проведении координации необходимо следить, чтобы участники ничего не исправляли и не дописывали в работах.

Координация проводится членом жюри, оценивавшим координируемую задачу, непосредственно с участником. Если участник не согласен с мнением жюри, он может обратиться к председателю оргкомитета, который имеет право создать конфликтную комиссию по разрешению данного вопроса.

Координация должна проходить в спокойной и доброжелательной обстановке в виде научного спора.

Задания на второй, третий и четвертый этапы Олимпиады подготавливаются республиканским методическим советом по программам общего среднего образования и утверждаются Республиканским научно-практическим центром «Дарын».

Задания всех четырех этапов оцениваются по параметрам и критериям в соответствии с методическими рекомендациями, утвержденными РНПЦ «Дарын».

В целях систематизации отбора содержания, оказания практической помощи в проведении школьных и районных этапов РНПЦ «Дарын» предлагает данное методическое пособие, которое поможет учителям и учащимся в целенаправленной подготовке к олимпиадам.

ЖЕЛАЕМ УСПЕХОВ!

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жәкішева С.Ә., т.ғ.д., профессор

Пандемия жағдайына байланысты өткен жылдан бастап белгілі бір дәрежеде елдің орта білімін қайта форматтауға, оқытудың үйреншікті тәсілдерін, әдістемелері мен техникаларын қайта қарауға, оқыту практикасы туралы қалыптасқан стереотиптер мен түсініктерді өзгертуге және білім алушының құзыреттілігінің қалыптасу нәтижелерін бағалауға (деңгейіне байланысты) триггер болды. Оның нәтижесінде – білім берудегі шынайылық әртүрлі ақпараттық платформалармен, түрлі сандық ортамен, онлайн оқыту, қашықтықтан бақылау сынды т.б. виртуалды түрге ауыстырылып, мұғалім мен оқушының сандық онлайн әлемін сапалы жаңа контекстке енгізді.

Қалыптасқан жағдай мектептегі олимпиадалық қозғалыстарға жаңа қиындықтар туғызды. Ең алдымен, бұл республикалық пәндік олимпиаданың кезекті кезеңдерін онлайн режимде ұйымдастыруға қатысты.

Мектеп деңгейінде олимпиадалық тапсырмаларды әзірлеу тәсілдерін қайта қараудың объективті қажеттілігі туындады (I кезең). Олардың мазмұны бүкіл республика бойынша қатысушыларға қойылатын талаптардың бірлігін үйлесімді үйлестіруге, олимпиаданың әдістемелік бірлігін және республиканың әртүрлі өңірлерінде қатысушыларға қойылатын талаптардың бірдей деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңдерінде өнер көрсете алатын, тарихқа қызығушылық танытатын ең дарынды оқушыларды іріктеу процесін біріздендіруге мүмкіндік береді.

Олимпиадаға қатысушы мен пәндік қазылар алқасы мүшесінің тікелей байланысының болмауы, шын мәнінде, олимпиаданың қорытынды IV кезеңінде «Тарих» пәні бойынша өткізілетін ауызша сұхбаттасу сияқты білімді бақылаудың мұндай тәсілін «ығыстырады». Бірақ елдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақтанған жағдайда ауызша сауалнаманы дәстүрлі офлайн форматта қайта бастау қажет. Себебі, ол оқушылардың оқиғалар мен құбылыстарды білуімен қатар, бір-бірімен байланысты мәселелердің көлемін, олардың мәдени деңгейін анықтауға, тарихи материалды ауызша талдау, салыстыру және жалпылау, белгілі бір мәселе бойынша өз ұстанымын білдіру қабілетін айшықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта олимпиаданы өткізудің ұйымдастырушылық және технологиялық моделі оның гибриді, аралас формасы, онлайн және офлайн форматтарын біріктіру болып табылады.

Мектеп деңгейінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, республикалық олимпиаданың бірінші кезеңін офлайн форматта өткізуге болады. Аудандық (II кезең) және облыстық (III кезең) деңгейлерде «Дарын» РҒПО әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша сайыс нәтижелерін бағалаудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалана отырып, офлайн немесе онлайн форматқа жол беріледі.

Республикалық кезеңнің өткізілу тәртібі «Дарын» РҒПО ресми сайтында қолжетімді бейнебақылау көмегі арқылы қатысушылардың олимпиада

тапсырмаларын орындауын тікелей трансляциялауды көздейді. Орындалған сайыс жұмыстарын цифрландырылған түрде сайтта көрсету рәсімі баллдарды «бұрмалауға» мүмкіндік бермейді. Баллдардың өзгеруі шағым қаралған жағдайда, онлайн режимде де, сондай-ақ техникалық қателер бойынша да рәсімделеді.

Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылған жағдайда, олимпиаданың республикалық кезеңін өткізудің дәстүрлі, бұрын сәтті сыналған нұсқасына оралу қажет.

Олимпиадалық циклдің мектеп кезеңі кең ауқымды қамтып, жалпы тарихқа, атап айтқанда, отандық тарихқа деген қызығушылықтың артуына ықпал етуі керек болғандықтан, тапсырмалардың шамадан тыс күрделілігіне байланысты аздаған қатысушылардың келесі деңгейге өтпеуі аса қажет емес. Бұл тәсіл көптеген оқушыларды келесі жылдары олимпиадаға қатысуға деген ынтасынан айырады, сонымен қатар ықтимал күшті қатысушылардың бір бөлігі алғашқы кезеңде жойылады, өйткені олардың қызығушылықтары тарихтың барлық кезеңдеріне емес, нақты тарихи кезеңдердегі оның жеке ірі бөліміне қатысты болуы мүмкін. Олимпиаданың келесі деңгейіне өтуі соңғылардың уақыт сызығы бойынша «алға» немесе «артқа» мәселелер шеңберін кеңейтуге ынталандырады. Сондықтан мектеп кезеңінің тапсырмалары күрделі немесе күрделі емес болып қана қоймай, сонымен қатар, қызықты және тартымды, логиканы, түйсікті, нақты материалды білуді және т.б. қамтуы керек. Олар қазіргі уақытта қатысушылар мектепте өткен материалдар көлемін ескере отырып дайындалған викторина сұрақтары, логикалық, хронологиялық, терминологиялық, тарихнамалық және деректанулық, салыстырмалы-салғастырмалы тапсырмалар болуы мүмкін.

Осы тәсілмен бірінші кезеңді өткізу пәнге қабілетті әр түрлі сынып оқушыларын олимпиадалық қозғалысқа кеңінен тартуды қамтамасыз етеді және оларды жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады.

Мектеп кезеңінде тек олимпиадалық тапсырмалар ұсынылады, бірақ аудандық, облыстық және республикалық деңгейге көшкенде міндетті түрде тарихи шығарма түрінде эссе жазу, тест тапсырмалары ұсынылады. Тапсырмаларға дүниежүзілік тарих бойынша, әсіресе отандық тарих контекстінде, Қазақстанның географиясы, этнологиясы, демографиясы бойынша сұрақтарды енгізуге жол беріледі. Бірақ олардың саны 30%-дан аспауы керек.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде тарихи кезеңдерді зерделеуді сыныптар бойынша төмендегідей бөлу ұсынылды:

5 сынып – Ежелгі дәуір (2 млн. жылдан астам - V ғасыр);

6 сынып – Орта ғасыр дәуірі (V - XVII ғасырлар);

7 сынып – Жаңа заман (XVIII-XIX ғасырлар);

8 сынып – Қазіргі заман (XX ғасырдың 1-шы жартысы);

9 сынып – Қазіргі заман (XX ғасырдың 2-шы жартысы-XXI ғасыр).

10-сыныптағы «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай мәселелерді қамтиды: 1) өркениеттер: даму ерекшеліктері; 2)

этникалық және әлеуметтік процестер; 3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан; 4) мәдениеттің дамыту.

11-сыныпта базалық мазмұн мынадай мәселелерді қамтиды: 1) өркениеттер: даму ерекшеліктері; 2) саяси-құқықтық процестер; 3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы; 4) білім мен ғылымның дамуы.

Олимпиадаға қатысушылардың дайындық деңгейін бағалау критерилері

Кез-келген мектеп олимпиадасының басты мақсаты - өздігінен ойлауға қабілетті, түрлі мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілді тиімді қолданатын, өзін-өзі тәрбиелеуге негізделген және әртүрлі ақпаратты іздеуде, таңдауда, талдауда және пайдалануда ерекше дағдыларға ие дарынды балаларды анықтау. Сонымен қатар, мектеп, аудандық, облыстық және республикалық олимпиадалар кезеңдерінің желілік құрылымы дарынды оқушыларды мұқият іріктеуге ықпал етеді. Соңғы, қорытынды кезеңде «ең жақсыларын» таңдау қағидасы күшіне енеді.

Олимпиадаға қатысушылардың дайындық деңгейін бағалау кезінде конкурстық комиссиялар оның түрлі кезеңдерінде, әртүрлі сыныптардағы оқушылардың мынадай қабілеттілігін ескеруі керек:

- Қазақстан тарихындағы негізгі оқиғаларды, құбылыстарды, үрдістерді және олардың мәнін анықтайды, олардың арасындағы себептік қатынастар туралы пікірлерін талдайды және мәлімдейді;

- тарихи құбылыстар мен үрдістердің сипаттамасын, маңызды белгілерін анықтау, көрсетілген белгілер бойынша жіктеу, оларға деген көзқарастарын негіздеу;

- тарихи құбылыстар мен үрдістерді салыстыру және салыстырмалы талдау жүргізу;

- отандық және әлем тарихында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалар қызметінің себептерін, мақсаттары мен нәтижелерін түсіндіріңіз;

- ұсынылған тұжырымдамалардың авторларының нақты тұжырымдаманы ұстанудағы дәлелдемелерін анықтай отырып, ұлттық тарихтың өзекті, басым мәселелерін анықтауда қазіргі заманғы тұжырымдамалық тәсілдерді ұсыну;

- отандық және дүниежүзілік тарихтың ең маңызды даулы мәселелеріне қатысты өз ұстанымын қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының тарихын әлемдік тарих контекстінде түсіндіру, отандық және әлемдік тарихтағы ұқсастықтарды анықтау;

- отандық тарихтағы тарихи процестің негізгі бағыттары мен заңдылықтарын, олардың негізгі белгілері мен сипаттамаларын талдау;

- қарастырылып отырған мәселелер бойынша бір немесе бірнеше көзқарастарды растау немесе жоққа шығару барысында әр түрлі тарихи дереккөздерді қосымшалар мен тарихнамалық зерттеулер ретінде қолдану;

- Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының сипаттамалық белгілерін анықтайды;

- қазіргі қоғамдық үрдістердің тарихи алғышартын, адамзаттың мәдени ерекшелігін және тарихқа, мәдениетке, әртүрлі ұлт пен конфессиядағы адамдардың дәстүрлеріне құрметпен қарау қажеттілігін түсіну;

- нақты және қисынды сауатты (жазбаша да, ауызша да) тұжырымдай алады, айтылған мәселе бойынша нақты тұжырымдар және қорытындылар шығарады;

- әртүрлі белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіндіруге және бағалауға (мәтін, кесте, диаграмма, тірек-сызба, карта, аудиовизуалды қатар және т.б.);

- отан тарихындағы құбылыстар мен үрдістерді лексикалық және стилистикалық тұрғыдан сауатты сипаттауға қатысты мәселелерді талдауға ғылыми терминологияны тарту;

- зерттелетін тарихи құбылыстарды, объектілер мен үрдістерді жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты жинақтау;

- заманауи өркениеттің келешегін, оның мәселелері мен даму бағыттарын, еліміздің әлемдік саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі рөлін бағалау.

Әрине, олимпиаданың мектеп және аудандық кезеңдерінде әртүрлі жастағы топтардағы оқушылардың құзыреттіліктеріне сәйкес бағдарламалық талаптарды нақты түрде анықтап алу керек, бірақ облыстық және республикалық кезеңдерде жеңімпаз-оқушыларды дайындау барысында қойылатын талаптардың анағұрлым күшейтілуі жоғарыда берілген критерилерге сәйкес болады.

Республикалық олимпиаданың I-IV кезеңдерін өткізу шарттары

(I) Мектептегі кезеңде тек 1 тур қарастырылған. Ұсынылған тапсырмаларды орындауға 180 минут беріледі. Жалпы, максималды жұмыс 80 ұпаймен бағаланады.

(II) Аудандық кезеңнің бірінші турында үміткерлер 150 минуттың ішінде үш сұраққа толық жауап беретін жеке жазбаша жұмыс өткізуі тиіс.

Тақырып бойынша қойылған әрбір жауап 10 ұпайға дейін бағаланады. Жалпы жазбаша жұмыс барлығы 30 ұпайға дейін бағаланады.

Екінші кезең екі тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма – тест сұрақтарына жауап (қиындық деңгейі әртүрлі 20 тест) (20 ұпайға дейін бағаланады), екіншісі – ынталандыру тапсырмасы (20 ұпайға дейін бағаланады).

Аудандық кезеңнің 2 туры өткізу уақыты – 30 мин. және 20 мин.

Жалпы, аудандық олимпиадаға қатысушылар 2 тур бойынша 80 ұпайға дейін жинай алады.

(III) Облыстық кезең мына сапалық көрсеткіштер бойынша бағаланады. Әрқайсысы 10 ұпайға дейін бағаланатын 5 сұрақтан тұратын жазбаша жұмыс. Сөйтіп, 1-тур 50 ұпайға дейін бағаланады.

Айта кететін жайт, олимпиаданың кез келген кезеңінің жазбаша жұмыстарына төмендегідей бірдей талап қойылады:

1. Жазбаша жұмыс нақты тарихи тақырып бойынша шығарма (эссе) ретінде (бір тақырып бойынша бірнеше сұрақтан тұрады) немесе оқушылар

эртүрлі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап ретінде 1,5-2 беттен тұратын кіші гірім шығарма ретінде жазбаша жауап берулері тиіс.

2. Тақырып бойынша қойылған сұраққа әрбір жеке жазбаша берілген жауап 10 ұпайға дейін (сұрақтың санына қарамастан) төмендегі шарттар бойынша бағаланады:

2.1. Нақты мәселені білу және оны ашу деңгейі – 5 ұпай;

2.2. Тарихи деректерді келтіру және тиісті еңбектерге сілтеме жасау – 1 ұпай;

2.3. Мәтіннің мазмұнын ашудағы қисын мен талдау, ойын жеткізу стилі мен сауаттылығы – 2 ұпай;

2.4. Әр жауаптың соңында нақты қортынды жасап өз пікірін білдіре алуы - 2 ұпай;

3. Осы шарттарға толмайтын жауапты бағалауда ондық бөлшек қолданыла алады, мысалы 0,5 ұпай.

4. Жазбаша жұмыс тек 1-тур кезінде алынады.

Екінші турда әрқайсысы 1 (бір) ұпайдан бағаланатын 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларына жауап беру керек. Тест сұрақтарына жауап беруді берілген уақыттан бұрын бітірген олимпиадаға қатысушыларға кенет-сайыс (блиц-турнир) ретінде (10 ұпайға дейін) ынталандыру тапсырмалары беріледі.

Облыстық олимпиадан жиналатын жалпы баға 85 ұпай (50+25+10).

Олимпиада 2 күн өтеді, бірінші турға – 180 минут, екінші турдың өтуіне 40 минут уақыт беріледі.

Олимпиаданың Республикалық (IV) кезеңнің өтуі 10-11 сынып оқушылары үшін екі турдан тұрады.

I тур. Олимпиаданың бірінші күні кеңінен ашылуы тиіс 5 (бес) сұрақтан тұратын нақты тақырып бойынша жазбаша жұмыс өткізіледі.

1-турда қойылған әрбір 5 (бес) сұрақтың жауабы 10 (он) ұпайға дейін бағаланады:

1. Жалпы және нақты мәселе бойынша білім деңгейі, тарихи және тарихнамалық деректерді қолдануы – 6 ұпай.

2. Мәтіннің мазмұнын ашудағы қисыны мен талдауы, ойын жеткізу стилі мен сауаттылығы – 2 ұпай.

3. Тарихи материалды берудегі және ашудағы дағдылары – 1 ұпай.

4. Нақты қортынды жасау және өз ой-пікірін бере білу қабілеті – 1 ұпай.

I-турдың тапсырмасы 50 балға дейін бағаланады (5 сұрақ x 10 ұпай). I-турды өткізу уақыты – 3 (үш) сағат / 180 мин.

II тур. Екінші күні өткізіліп екі кезеңнен тұрады.

II-турдың бірінші кезеңі – тест тапсырмасы (30 тест сұрағы). Әрбір дұрыс жауап 1 (бір) ұпайға бағаланады. 100% дұрыс жауап берілген жағдайда ең жоғары бал 30 бірлікке дейін бағаланады.

II-турдың бірінші кезеңін өткізу уақыты – 45 мин.

Тест парақшаларында түзету жасауға белгі салуға (дұрыс және қате сұрақтарды) болмайды, өйтпеген жағдайда жауап дұрыс деп саналмайды.

Ынталандыру тапсырмасы.

Олимпиадаға қатысушыларға блиц-турнир ретінде берілетін тапсырмалардан әрқайсысы 5 немесе 10 бал болатын ынталандыру қосымша бал алуға мүмкіндік беріледі.

II турдың екінші кезеңінде – ауызша сұхбат ретінде өтеді.

Олимпиадаға қатысушыларға Отан тарихының әртүрлі кезеңдерінен бес сұрақтан тұратын бес тапсырманың біреуі ұсынылады. Бұл сұрақтарды мына бағалау шарттарға сай толық ашылуы тиіс:

1. Материалды ауызша дұрыс әрі сауатты айта білу қабілеті – 5 ұпай.
2. Материалды білу және ғылыми негіздеме мен категориялық аппаратты қолдануы - 5 ұпай.
3. Тарихи дамудың заңдылықтары мен тенденцияларын түсінуі – 5 ұпай.
4. Қолданылатын тәсілдерінің жаңалығы мен конструктивтілігі – 5 ұпай.

Олимпиадаға қатысушылар ауызша сұхбат кезінде 20 ұпайға дейін баға ала алады.

II-турдың екінші кезеңін қабылдау уақыты – әрбір қатысушыға 15 минутқа дейін бөлінеді. Олимпиадаға қатысушының жауап беруге дайындығы үшін 20 минут уақыт беріледі.

Екі тур бойынша жалпы бағаның сомасы: міндетті 50+20+30=100 ұпай.

Қосымша 20 ұпайдан 50 ұпайға дейінгі бонустар қатысқан блиц-турнирдің санына байланысты жиналады. Барлығы 120 ұпайдан 150 ұпайға дейін жинауға мүмкіндік бар.

Барлық сынып оқушыларының жұмыстарына қойылатын ортақ талаптар

1. Бірінші түрде орындалған барлық жазбаша жұмыстар шеттері (поля) сызылған жазбаша жұмыстарға арналған (сызбасы бар) оқушылар дәптерінде орындалуы керек.
2. Республикалық олимпиаданың IV кезеңінде барлық жұмыстар үшін «Дарын» РҒТО дайындаған А4 форматтағы арнайы қағаз беттер беріледі.
3. Тест тапсырмаларын орындау үшін қатысушыларға төмендегі үлгідей жауап парақшалары беріледі:

Тест нөмері	Жауаптың 1-варианты	Жауаптың 2-варианты	Жауаптың 3-варианты
1	-	+	-

4. Олимпиадаға қатысушы оқушының ойынша дұрыс жауап тұрған вариантқа «+», басқа варианттарға «-» белгілері қойылуы керек.

5. Жауап парақшасына түзетулер жасалатын болса түзетілген сұрақтың жауабы қате болып есептеліп дұрыс жауапқа саналмайды.

6. Ынталандыру тапсырмалары тек тапсырма жасаушылардың ұсынған жауап парақшаларында орындалады.

7. Орындалып болған жұмыстарға шифр қою «Дарын» РҒТО Республикалық әдістемелік кеңестің талаптарына сай жасалады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аудандық, облыстық және республикалық жюри мүшелеріне қойылатын міндетті талап: конкурса қатысушы үміткердің жазбаша жұмысының соңында тексерушілердің қойған өз бағалары кестеге салынып қойылады:

Бағалау критерилері	Нақты мәселені білуі және оның ашылу деңгейі (5 ұпай)	Тарихи деректерді келтіру және тиісті еңбектерге сілтеме жасау (1 ұпай)	Мәтіннің мазмұнын ашудағы қисын мен талдау, ойын жеткізу стилі мен сауаттылығы (2 ұпай)	Әр жауаптың соңында нақты қортынды жасап өз пікірін білдіре алуы (2 ұпай)
1 жауап				
2 жауап				
3 жауап				
4 жауап				
5 жауап				
Жалпы бағасы - _____ бал (тексерушінің қолы)				

Тест және қосымша ынталандыру тапсырмалары жазылған жауап парақшаларының шетіне тексерушілер дұрыс жауаптың жанына «+», қате жауаптың тұсына «-» белгілерін қойып шығады. Жауап парақшасының төменгі оң жағына жалпы бағасы қойылып тексерушінің қолымен расталады.

Олимпиада жеңімпаздарының жалпы нәтижелеріне қатысты жеке параққа жоғарыда мәтінде қойылған талаптар мен бағалар талданатын түсініктеме берілуі керек. Түсініктеменің соңында тексерушінің қолы қойылады.

Тапсырмалар жасауға қойылатын талаптар

Олимпиадалық қозғалыстың ерекшелігі сол, ол үйреншікті дәстүрлі тапсырмалармен қатар төтенше күрделі тапсырмаларды құрастыруды талап етеді. Өйткені мұндай күрделі тапсырмаларды шын мәнінде дүние танымы кең, әртүрлі тарихи кезеңдерге жан-жақты талдау жасай алатын, деректік, тарихнамалық, фактологиялық және теориялық материалдарды (концепциялар, түсініктер, терминдер т.б. с.с.) игере білген, нақты дәйектеме мен қортынды жасап тарихи мәселелердің өзіндік шешімін таба білетін үлкен дайындығы бар үміткерлер ғана шеше алады.

Мектеп және аудандық олимпиадада конкурстық тапсырмалар жасалған кезде олимпиада өткізгенге дейінгі сабақ үстінде өткен материал көлемі мен алдыңғы сынып материалдарынан қалған білім деңгейі есептеледі.

Бұл талаптар облыстық және республикалық олимпиадаға қатысты емес. Өйткені олардың мазмұны осы немесе алдыңғы сынып материалдарының көлемін түгел қамтиды.

Олимпиадалық қозғалыстың барлық деңгейі үшін басты ұстанымдардың бірі – бұл тарихи мәліметтің дерегі ретінде тек мектеп оқулығымен шектелмей олимпиаданың мазмұндық негізі ретінде қосымша ғылыми әдебиетті қолдану болып табылады.

Нақты тарихи мәселе бойынша жазылатын жазба жұмыстан басқа тапсырмалар кешеніне әртүрлі оқиғаларды, есімдерді, түсініктерді қисынмен, хронологиямен орналастыру, мәтіннің кемтігін толтырып аяқтау, тұжырымдардың дұрыстығын не қателігін анықтау, тарихи дерек үзінділерін қалпына келтіру, көрнекі материалдарды талдау және т.б.

Соңғы Республикалық кезеңдегі ұстанымдарының бірі жазбаша тапсырма орындаумен қатар жюри мүшелерінің олимпиадаға қатысушылармен бетпе бет ауызша сұхбаттасуы. Бұл өз кезегінде белгілі бір тарихи мәселелер бойынша, нақты тарихи кезеңде қазақ қоғамының даму заңдылықтары мен даму тенденциялары жайлы өз ойларын, тұжырымдарын айта білуін, үміткерлердің жалпы білім деңгейін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы пәнінен республикалық олимпиадаға арналған тапсырмалардың үлгісі

1. Мектеп кезеңіне арналған викторина (Максималды баға – 50 ұпай)

1 раунд – Қазақстан тарихы




Қазақстанда _____ (саны) этникалық топтың өкілдері тұрады.



2 раунд – Қазақстанның мәдениет және ғылым тарихы


_____ (1912-1957) – опера әншісі және драмалық актриса, екі Сталиндік премияның Лауреаты, «КСРО Халық әртісі» атағының ең жас иегері.

3 раунд – Тұлғалар тарихы



Көрнекті түркі ақыны және ойшылы. Ол XI ғасырда Қараханидтер мемлекетінде өмір сүрген . Оның "Құтадғу біліг" атты кітабы – мұсылман түріктерінің тілінде жазылған алғашқы шығармасы.

4 раунд – Дүниежүзі тарихы



_____ – ежелгі грек тарихшысы. Оның еңбектері – сақ дәуірінің тарихы бойынша маңызды дерек көзі.

5 раунд – Мемлекеттер мен соғыстардың тарихы



XIX ғ. ең жаппай көтерілісінің көшбасшысы, соңғы қазақ ханы _____ (аты)

2. КЕНЕТ-САЙЫС «ЕСІМІҢ АТАҢЫЗ»

Мына шежірелік кестені Қазақ хандығын құрушы адам есімімен жалғастыр:
Жошы – Орда Ежен – (көрсетілмеген тұлға) – Орыс хан – Құйыршық хан –
Барақ хан - _____? _____.

- А) Керей хан.
- Б) Жәнібек хан.
- В) Есен Бұға хан.

3. ЖАЗБАША ЖҰМЫС

(Максималды баға – 50 ұпай. Тақырып бойынша берілген нақты сұрақтың жауабы 10 ұпаймен бағаланады)

Ұсыныстар: Жауаптар берілген тақырыптың әрбір сұрағына қатысты негізгі мәселелерді қамтып, тарихи шығарма түрінде орындалуы тиіс. Жауаптарда тек отандық тарихнаманың ресми концепциялары ғана емес, сонымен бірге олимпиадаға қатысушы өзіндік, жеке көзқарасын да беруге болады. Әрбір сұраққа жауап 1,5 беттен кем болмауы тиіс.

1941-1945 Ж.Ж. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

1. Фашистік Германияның ҚСРО халықтарына байланысты жоспарлары.
2. Соғыс жылдарындағы Қазақстан экономикасы.
3. Қазақстандықтардың ірі шайқастарға қатысуы және олардың ерліктері.
4. Майданға көмектесудегі халықтық қозғалыс.
5. Соғыс жылдарында қуғынға ұшыраған халықтарды Қазақстанға күштеп қоныстандыру және олардың орналасуы. Соғыс жылдарындағы ЛАГМБ (ГУЛАГ).

4. ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.

(Тест тапсырмаларына берілген әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады)

Жеңіл тест

1. Қытай дереккөздері бойынша б.э.д. III ғасырда пайда болған түркі халықтарының діні:
 - А) Христиан;
 - В) Тәңірі;

- C) Аллах;
- D) Заратуштра;
- E) Будда.

Орташа қиындық тесті

1. Ресми тарихи жылнамаларда бірнеше ірі мемлекеттер (қағанаттар) құрылуының түркілік кезеңдері жазылған. Олардың хронологиялық шеңбері қай кезеңдерді қамтиды?
- A) IV ғ. – XV ғ. ортасы.
 - B) VI ғ. – XIII ғ. басы.
 - C) XIII ғ. басы – XV ғ.
 - D) IV ғ. – XIII ғ. Басы.
 - E) XIV ғ. – XV ғ.

Күрделі тест

1. Салық төлеушілер мен алым-салық төлеушілердің нақты санын анықтау үшін Алтын ордада:
- A) мемлекет аумағы мен тәуелді аймақтардың тұрғындары арасында санақ жүргізілді.
 - B) мемлекетте қалаларда тұратын халықты есепке алатын арнайы пунктер құрылды
 - C) Хан және сұлтандар ордасында әрбір тіркеп отыратын арнайы пунктер құрылды
 - D) салық төлеушілер тіркеуге алынған жоқ, тек алым-салық төлеушілер ғана тіркелді.

5. ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕНЕТ-САЙЫС (әр сұрақтың жауабы 1 ұпаймен бағаланады)

1. Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан _____ ж. ресми түрде Бөкей ордасының ханы деп жарияланды.
2. Қазақстанды отарлауға қарсы Саржан Қасымов бастаған көтеріліс _____ – _____ жж. аралығында өтті.
3. _____ жылы Н.С. Хрущевтың бастамасымен Ақмола қаласы Целиноград болып өгертілді.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыс 19 _____ жылы, _____ айында басталды.
5. Бірінші қазақ ұлтының театры 19 _____ жылы ашылды.
6. 19 _____ ж. Қазақ АКСР республикасының астанасы Қызылордадан Алматыға көшірілді.
7. Волоколам бағытында генерал-майор И.В. Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясы фашистермен 19 _____ жылы _____ айда шайқасқа кірісті.
8. Халық комиссарлары Кеңесінің сауатсыздықты жою туралы декретіне 19 _____ ж. қол қойылды.

9. Совет басшылығының жоспарларына сәйкес Қазақстанда коллективтендіруді 19 _____ жылғы (қыста, көктемде, жазда, күзде - керексізін сызып таста) аяқтау жоспарланды.

10. Шоқан Уәлиханов Қашғарға _____ - _____ жж. аралығында саяхат жасады.

6. КЕНЕТ-САЙЫС «ТҰЛҒАЛАР»
(Дұрыс жауап 5 ұпайға бағаланады)

Берілген сипаттамаға сүйене отырып тарихи тұлғаны атаңыз.

а) Ол хан титулын әкусінің өсиетіне сәйкес және І Александрдың бұйрығымен 1823 жылы иеленді.

ә) Орыс әскерінің генерал-майор шенін иеленді.

б) Еуропаша жақсы білім алған. Орыс, парсы және аздап неміс тілін білген.

в) Алғашқылардың бірі болып қазақ халқының тарихы мен тұрмысық заттарын жинақтап мұражай жасады.

г) Қазақ университеті жанындағы ғылыми қоғамның құрметті қонағы болған.

ғ) Оның үлкен қызы белгілі мырза А.И. Тевкелевтің ұрпағы полковник Тевкелевтің әйелі болған.

д) Оның өлімінен кейін сол аймақта хандық билік патша әкімшілігі тарапынан жойылған. Ал оның мұрагері Сақып Керей хан тағына отырғызылмаған.

Бұл _____ ?

7. КЕНЕТ-САЙЫС. ТАРИХИ ОЙЖҰМБАҚ «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ»
(10 ұпай)

Қазақ халқының тарихи тұлғасының есімін атаңыз. Төменде тарихи тұлғалардың есімдері мен фамилияларының әріптері орындарын өзгертіп, ретсіз берілген. Сонымен бірге әрбір сөзде бір әріп артық берілген. Әрбір өатардағы әріптерден белгілі тарихи тұлғалардың есімдері мен фамилияларын дұрыс тауып, артық әріпті оң жақтағы қатарға жазу керек. Тапсырманы дұрыс орындап, оң жақтағы әріптерді тігінен оқығанда тағы бір тарихи тұлғаның есімі шығады.

БААНОЖАВУ	_____	_____
ОЖТІШ	_____	_____
БИОМЛЫҰТШ	_____	_____
ИДЕАБ	_____	_____
ЛҰВРАКНОМ	_____	_____
РОВАЧБАГЁ	_____	_____

8. КЕНЕТ-САЙЫС «ИӘ» - «ЖОҚ»

Келесі тұжырымдар дұрыс па? («Иә» - «Жоқ»). Жауапты кестеге енгізіңіз (әр дұрыс жауапқа 0,5 балл, максималды балл - 5 балл).


1. Садақ пен жебе орта тас ғасырында (б.д.д.12-5 мың.) ойлап табылды.
2. «Исседон» сөзі латын тілінен аударғанда «ақ жалды жүйрік ат иелері» дегенді білдіреді.
3. Қытайлықтар ғұн билеушілерін «гуньмо» деп атаған.
4. Есік қорғанынан табылған «Алтын Адамның» күміс тостағанында 26 жазба белгісі болды.
5. Чоппер - бұл екі жақты, екі жүзді өткір тасты пышақ, тас ғасырында өмір сүрген адамның қырғышы.
6. Ерте темір дәуірін соғыс күймелер дәуірі деп атайды.
7. «Беспатыр» хан қорғаны Іле өзені бойында, «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында орналасқан.
8. Ежелгі түріктер үштік жоғары құдайларға табынған: «Тәңірге», Ұмай ана мен Жерге (Йер).
9. «Питекантроп» пен «Синантроп» ғылымда «Homo erectus» деген атау алды.
10. «Мұртты» деп аталатаны қорғандар оңтүстік-шығыс Қазақтанның ерте темір дәуірі ескерткіштеріне тән.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

9. КЕНЕТ-САЙЫС «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ ПОРТРЕТІНІҢ ФОТОГАЛЕРЕЯСЫ»

(Суреттің тұсына қажетті фамилияны қойыңыз, дұрыс жауапақа ответ – 1 ұпай)

				
_____	_____	_____	_____	_____



1. **Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы** (1902-1985) – қазақ жазушысы, сыншы, драматург, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА Академигі, Қазақстан халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ардагері.
2. **Жұбанова Ғазиза Ахметқызы** (1927-1993) – композитор, Қазақстанның композиторлық мектебінің бетке тұтар өкілі, КСРО халық әртісі, Қазақ КСР өнеріне еңбек сіңірген қайраткер.
3. **Жиенқұлова Шара Баймолдақызы** (1912-1991) – биші, қазақ хореографиясының негізін салушы, ҚазКСР Халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік премиясының Лауреаты.
4. **Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы** (1866-1937) – қоғамдық және мемлекеттік қайраткер, оқытушы, журналист, этнограф, «Алаш» партиясы жетекшілерінің бірі, Уақытша үкіметтің Қазақстан бойынша комиссары, 1917-1920 жж. аралығында Алаш автономиясының Төрағасы (Премьер-министр).
5. **Байсейітова Күләш Жасынқызы** (1912-1957) – опера әншісі және драмалық актриса, екі Сталиндік премияның Лауреаты, «КСРО Халық әртісі» атағының ең жас иегері.
6. **Ермеков Әлімхан Әбеуұлы** (1891-1970) - қоғамдық және мемлекеттік қайраткер, «Алаш» партиясының негізін салушылардың бірі, ғалым, алғашқы қазақ профессор-математигі.
7. **Бигелдинов Талғат Жақыпбекұлы** (1922-2014) – кеңестік ұшқыш-штурмовик, екі рет Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан авиациясының генерал-майоры.
8. **Әуезов Мұхтар Омарханұлы** (1897-1961) –жазушы, драматург, ғалым, Қазақ КРС ғылым Академиясының Академигі. Ленин және Сталин премиясының Лауреаты.
9. **Айманов Шәкен Кенжетайұлы** (1914-1970) – театр және кино режиссері, актер, КСРО Халық әртісі.
10. **Ғабдуллин Мәлік** (1915-1973) – педагог, жазушы, КСРО педагогикалық ғылымдары Академиясының мүшесі, Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Кеңес Одағының Батыры.

10. КЕНЕТ-САЙЫС «АВТОРЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ»
(дұрыс жауап - 0,5 ұпай)

Авторлар мен олардың еңбектерін сәйкестендіріп қойыңыздар.

Автор:

1. С. Асфендияров
2. А. Тойнби
3. Е. Бекмаханов
4. К. Ясперс
5. Н. Назарбаев
6. Е. Ертісбаев
7. М. Тынышпаев
8. К. Тоқаев
9. М. Шоқай
10. Ф. Хайек

Оның еңбегі:

- 1) «Түркістан Кеңестер билігінде».
- 2) «Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында»
- 3) «Тарихтың мәні мен мақсаты»
- 4) «Тарих тағлымы»
- 5) «Құлдыққа апарар жол»
- 6) «Бастан кешіру»
- 7) «Сындарлы он жыл»
- 8) «Қазақстан тарихы (көне заманғы)»
- 9) «Қазақстан және Назарбаев: өзгерістер логикасы»
- 10) «Қазақ халқының тарихы».

Авторы:	Их труды:
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	

11. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЕНЕТ САЙЫС (әр сұрақтың жауабы 1 ұпаймен бағаланады)

Ұсынылған бес жауап нұсқасының ішінен кез-келген тарихшы білуі қажет терминнің дұрыс түсіндірмесін табу керек.

1. Көзқарастар жүйесі, ғылыми еңбектегі негізгі ой:

Жауап нұсқалары: Конъюнктура, Идеологема, Концепция, Парадигма, Сентенция.

2. _____ - халықтың шығу тегі, олардың мәдениеті мен тұрмысындағы спецификалық ерекшелегін зерттейтін ғылым саласы.

Жауап нұсқалары: Антропология, Палеография, Этнонимика, Этнология, Демография

3. Қайыршылық күйге ұшырағын, бірақ мүмкіндігінше еңбек етіп, қоғамдағы өзінің бұрынғы жағдайын қайтаруға ұмтылмайтын адам - _____.

Жауап нұсқалары: Люмпен, Паупер, Конформист, Агнат, Клеврет, Пролетариат.

4. Бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттің ішкі ісіне күштеп араласуы – _____.

Жауап нұсқалары: Интродукция, Интердикт, Интервенция, Инвестиция, Интернационализация.

5. Бір халықты немесе оның бөлігін өз тілін, мәдениетін, ұлттық санасын жоғалтып, басқа халықпен оның тілін, мәдениетін игерту арқылы біріктіру - _____.

Жауап нұсқалары: Аболиция, Автаркия, Адаптация, Геноцид, Этноцид, Ассимиляция

12. КЕНЕТ САЙЫС «УАҚЫТ ЖҮЙЕСІ»

Оқиғаларды хронологиялық ретпен орналастыр (ертеден кейінге қарай). (Дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі).

1 - , 2 - , 3 - , 4 - , 5 - .

А) Аңырақай шайқасы;

Ә) Әбілқайыр ханның өтінішіне қол қойылды;

Б) Бұланты шайқасы;

В) Жоңғар шапқыншылығына қарсы үш жүздің бірігіп соғысуды мақсат еткен алғашқы қазақ құрылтайы;

Г) Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық қозғалысы.

13. КЕНЕТ САЙЫС «ЛОГИКАЛЫҚ ҚАТАР»

Қатарлар қандай принцип бойынша түзілген. Қысқаша жауап бер: (әрбір қатарға 2,5 ұпайдан).

1. Қалан, купчур, тағар, зекет.

2. М. Сералин, Б. Қаратаев, С. Торайғыров, Ж. Сейдалин.

14. КЕНЕТ-САЙЫС «ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР»

Кім тарапынан және немен байланысты айтылған? (толық жауап берілуіне қатысты 5 ұпайға дейін бағаланады)

1.«_____ бұл Қырғыз-Қайсақ ордасы _____ - барлық Азия елдерінің қақпасы мен кілті».

2.«Бір қадам шегінуге болмайды. Біздің басты үндеуіміз осы болмақ».

15. АУЫЗША ӘНГІМЕЛЕСУДІҢ СҰРАҚТАРЫ

(Жауап максималды 20 ұпаймен бағаланады)

Қазақстан территориясындағы неолиттік революция.

1. Тасты өңдеудің жаңа технологиялық тәсілдері.
2. Өндіруші шаруашылыққа көшу.
3. Өндіруші шаруашылықтың негізі малшаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы.
4. Тау-кен ісі, гончарлық іс, тоқыма.
5. Энеолит – қола дәуірінің бастауы. Қазақстандағы неолиттік және энеолиттік ескерткіштер.

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Жакишева С.А., д.и.н., профессор

Прошедшие пандемийные годы стали в определенной степени триггером для реформирования среднего образования страны, пересмотра привычных подходов, методик и техник обучения, размывания устоявшихся стереотипов и представлений о практике преподавания и оценивания результатов сформированности компетенций обучающегося (в зависимости от ступени), в итоге – включения в качественно новый контекст цифрового онлайн мира педагога и школьника, в котором образовательная реальность заменилась виртуальной за счет разнообразных информационных платформ, различных цифровых сред, онлайн-обучения, дистанционного мониторинга и т. д.

Сложившаяся ситуация поставила перед школьным олимпиадным движением новые вызовы. Прежде всего, это касается самой организации последовательных этапов Республиканской предметной олимпиады в онлайн режиме.

Возникла объективная потребность пересмотра подходов к разработке олимпиадных заданий на школьном уровне (I этап). Их содержание должно органично сочетать единство требований, предъявляемых к участникам по всей республике, обеспечивать методическое единство олимпиады и одинаковый уровень требований к участникам в различных регионах республики. Это позволяет унифицировать процесс отбора наиболее талантливых, интересующихся историей школьников, которые могли бы впоследствии выступать на областном и республиканском этапах олимпиады.

Отсутствие непосредственного контакта участника олимпиады и члена предметного жюри по предмету «История» фактически «вытесняет» такой способ контроля знаний как устное собеседование, проводимое ранее на завершающем IV этапе олимпиады. Но следует подчеркнуть, что в условиях стабилизации эпидемиологической обстановки в стране необходимо возобновление устного опроса в традиционном офлайн формате, позволяющего выявить, помимо знания учащимся событий и явлений по значительному объему взаимосвязанных друг с другом проблем, их культурный уровень, способность вербально анализировать, сопоставлять и обобщать исторический материал, высказывать собственную позицию по тому или иному вопросу.

Организационно-технологической моделью проведения олимпиады в настоящий момент становится его гибридная, смешанная форма, совмещение онлайн- и офлайн-форматов.

На школьном уровне возможно проведение первого этапа Республиканской олимпиады в офлайн формате при соблюдении санитарно-эпидемиологических требований. На районном (II этап) и областном (III этап) уровнях по решению методсовета РНПЦ «Дарын» допускается или офлайн, или онлайн формат с использованием информационно-коммуникационных технологий оценки результатов конкурса.

- Произношение. Насколько точно и ясно произносятся отдельные звуки, слова, фразы и предложения. Также учитывается фонетическая специфика английского, французского и немецкого языков и интонация.

Speaking band descriptors

No	Name	Task achievement 20	Fluency and Coherence 20	Lexical Resource 20	Grammar Resource 20	Pronunciation 20	Points 100	Comments
1								
2								

Пример протокола устного экзамена по английскому языку с обозначением критериев оценки

Для подготовки ко всем модулям олимпиады рекомендуется подготовка с использованием аутентичных материалов из международных экзаменов YLE, Skills for life, KET, PET, CAE, TOEFL, TOEIC, IELTS, CPE.

Процедура разбора заданий

Анализ заданий проводится после проведения всех туров олимпиады и после полной проверки всех работ участников. Все участники одновременно допускаются к анализу работ в установленное программой олимпиады время. Основная цель анализа олимпиадных заданий – ознакомить участников с правильными ответами на предложенные задания, объяснить основные ошибки и недочеты, разъяснить участникам объективность принципа выставления баллов и их соответствие принятой международной системе оценивания. Также анализ заданий должен привести к уменьшению количества необоснованных апелляций по результатам проверки.

В ходе анализа члены жюри подробно объясняют критерии оценивания каждого задания, показывают оригинальные источники или дают ссылки на интернет ресурсы, откуда был взят материал, предоставляют ключи к заданиям.

Процедура апелляции

Апелляция проводится после окончания всех конкурсов олимпиады и разбора заданий и рассматривается всеми членами жюри. На апелляции присутствует только участник, выразивший несогласие со своим результатом на олимпиаде. Для этого участник подает письменное заявление в свободной форме не позднее 1 астрономического часа после разбора заданий. В заявлении должны быть указаны причины, по которым подается апелляция.

Участники самостоятельно просматривают только свои работы. Родители и руководители команд на показ работ не допускаются. В работах запрещено делать какие-либо пометки, выносить их из аудитории, или фотографировать.

При необходимости повторно проверяется текст ответа, протокол устного ответа (аудиозапись устного ответа). То есть, участнику предоставляется возможность убедиться, что его работа объективно оценена в соответствии с критериями и не имеет технических ошибок в подсчете баллов. Критерии и методика оценки не могут являться предметом апелляции и пересмотру не подлежат.

Оценка участника в ходе апелляции может быть изменена, если обнаруживаются дополнительные технические или другие ошибки, ранее не учтенные при выставлении баллов.

Проведение апелляции оформляется протоколом, подписанным членами жюри, председателем жюри и участником, подавшим апелляцию. Желательна видеозапись процесса проведения апелляции. После рассмотрения апелляции, жюри принимает решение об отклонении апелляции и сохранении выставленных баллов или об удовлетворении апелляции и корректировке баллов. Решение апелляции является окончательным и не подлежит пересмотру.

Официальным объявлением итогов олимпиады является итоговая таблица результатов с учетом апелляции, заверенная всеми членами и председателем жюри. На основании итогового протокола и в соответствии с приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан, определяются победители и призеры Олимпиады.

Олимпиада в условиях пандемии

В зависимости от санитарно-эпидемиологической ситуации в Республике Казахстан возможны изменения в организации некоторых этапов олимпиады по иностранным языкам.

Принимая во внимание опыт дистанционного образования и проведения конкурсов в Казахстане и за рубежом, в случае усиления карантинных мер и переходе к дистанционному обучению по Республике, возможно применение следующих мер:

На школьном этапе по возможности провести все туры контактно при соблюдении всех санитарных норм на базе локальных школ. Проводятся оба

тура. В случае усиления карантинных мер по Республике, предоставить онлайн доступ к заданиям в строго отведенное время. Рекомендуется выполнение заданий 1 тура в электронном формате - заполнение листа ответов в Microsoft Office. Для обеспечения прозрачности желательно применение системы видео прокторинга по принципу «один участник – один компьютер – одна камера», то есть участник выполняет задания у себя на компьютере при включенной камере, возможно с трансляцией экрана через платформы видеосвязи Zoom, Microsoft Teams, Skype и т.д. 2 тур также проводится через видео платформы, используемые в конкретной школе (Zoom, Microsoft Teams, Skype и т.д.).

В случае карантина во время районного и областного этапов проводится только 1 тур – письменный. Алгоритм организации онлайн олимпиады как на школьном этапе – централизованный одновременный доступ к заданиям и аудиоматериалу, ограниченное время, видео прокторинг, включенная камера участника. Отсутствие устного конкурса компенсируется усложнением задания на письменную речь. Критерии оценивания остаются прежними. Итоговый балл по результату 1 тура – максимально 100 баллов.

В случае карантина во время республиканской олимпиады, заключительный этап проводится локально в регионах и городах республиканского значения с соблюдением всех санитарно-профилактических мер на базе одной школы или иного учебного учреждения. Проводятся 2 тура. Структура конкурсов и уровень заданий не меняется. Доступ к заданиям письменного тура предоставляется через интернет ресурс РНПЦ «Дарын» одновременно на начало каждого тура. Каждый участник открывает задания через заранее присвоенный персональный код. Ответы пишутся на распечатанных листах ответов. По завершению тура, в течение ограниченного времени отсканированные работы участников будут зашифрованы и переданы на проверку членам жюри.

2 тур проводится с использованием онлайн видео связи. С каждым участником жюри беседует индивидуально, приглашая в видео чат по очереди. Задания и критерии оценки такие же, как при контактном формате экзамена. Итоговый балл формируется по результатам 2 туров (1 тур + 2 тур) ÷ 2.

При полном запрете проведения массовых мероприятий все конкурсы олимпиады проводятся онлайн с использованием домашнего компьютера. Главными условиями являются наличие высокоскоростного Интернет соединения, видеокamеры, микрофона, установки необходимых приложений, например, для трансляции экрана участника.

Кроме того, в зависимости от эпидемиологических условий и технических возможностей на момент проведения тех или иных этапов республиканской олимпиады, могут быть дополнительные рекомендации для оптимального использования потенциала дистанционного обучения.

Заключение

Данные методические рекомендации составлены в соответствии с обновленной Концепцией образования РК, международными стандартами иноязычного образования. Во-первых, содержание и структура олимпиадных

заданий приведены в соответствие с актуальными нормативно-регулирующими документами, типовыми программами и учебными планами по иностранным языкам. Во-вторых, использование международных стандартных материалов для оценки языковых компетенций в рамках шкалы ОЕК, рекомендованных для средней и старшей школы, позволяют упростить процедуру подготовки участников к олимпиадам. Доступность учебно-методического и практического материала для подготовки к международным экзаменам позволяет учителям воспользоваться разработанными рекомендациями по выполнению тех или иных видов заданий и упражнений на развитие всех языковых и коммуникативных компетенций. Использование алгоритмизированных заданий упрощает процесс самостоятельной подготовки школьников к олимпиадам. В-третьих, подготовка к олимпиаде имеет и дальнейшую практическую ценность. При поступлении в отечественные или зарубежные вузы, при участии в программах стажировки человек, знакомый с форматом международных языковых тестов, может успешно сдать IELTS, TestDaF, FCE, DELF и пр. В-четвертых, комплексная проверка языковых и коммуникативных компетенций способствует формированию гармонично-развитого субъекта межкультурного общения, одинаково владеющего как продуктивными, так и рецептивными умениями. В-пятых, новый формат олимпиады направлен на выявление и развитие творческого потенциала участников, а не только на оценку правильности речи и знания системы иностранного языка.

Таким образом, синхронизация структуры олимпиады по английскому, французскому и немецкому языкам и модернизация содержания конкурсных заданий, позволяют качественно изменить процесс обучения данным иностранным языкам в школе в соответствии с современными социально-экономическими требованиями.

Өзін-өзі тану

А.Қ. Рысбаева,
«Адамның үйлесімді дамуы
ұлттық институты» КеАҚ
бас ғылыми қызметкері,
п..д., профессор

Б.Ш. Әлиев,
«Адамның үйлесімді дамуы
ұлттық институты» КеАҚ
ғылыми-әдістемелік бөлімінің
басшысы

Біртұтас үдеріс ретіндегі өзін-өзі танудың нысаны болмыстың физикалық, психикалық және рухани аспектісі тұрғысынан қарастырылатын адам болып табылады. Адамның осы қырларының біртұтас болуы оның өзін-өзі анықтау, өз маңыздылығын арттыру, өзін іс жүзінде көрсете білу және өзін-өзі жетілдіру аспектілерінен тұратын үйлесімді дамуды қамтамасыз етеді. Бұл өзін-өзі танудың пәндік саласын анықтайды, сол сияқты оқу пәнінің танымдық, дамытушылық және тәрбиелік қызметтерін нақтылайды.

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуы; олардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімді игеруі; оқушылардың сенімдерін, әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін және өмірлік дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің логикалық құрылымының мазмұны:

1) сүйіспеншілік, денсаулық, еркіндік, бақыт, ар-ұждан, еңбек, тән мен рух үйлесімі, өмірдің мақсаты, адамның тағдыры, ой мен сөз және істің бірлігі тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы өзін-өзі тануға;

2) отбасы, достық, қарым-қатынас, сенім, сыйластық, теңдік, сұхбат, өзара түсіністік, ынтымақтастық тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы өзге адамдарды тануға;

3) табиғат, Отан, өмір, қоршаған әлеммен үйлесімдік; сенім, үміт тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы әлемді тануға;

4) ақиқат, шығармашылық, мәдениет, адамзаттың ортақ үйі ретіндегі жер, адамзаттың бірлігі тәрізді ұғымдарды ұғыну арқылы адамзаттың рухани тәжірибесін тануға мүмкіндік беретін жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі арқылы анықталады.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша республикалық олимпиаданың басты мақсаты балалар мен жасөспірімдерге құндылық бағдарларын қалыптастыру, шығармашылық әлеуеттерін дамыту, шығармашылық іс-әрекетте өзінің мүмкіндіктерін, тұлғалық қасиеттерін, азаматтық ұстанымдарын көрсетуге,

өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге деген талпыныстарын мадақтау арқылы рухани-адамгершілік білім беру болып табылады.

Олимпиада барысында төмендегідей міндеттер шешіледі:

1) оқушылардың өзін-өзі тануына деген танымдық қызығушылықтарын дамыту, оларды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу;

2) оқушылардың шығармашылық әлеуеттерін жандандыру, шығармашылық бастамаларын дамыту;

3) оқушылардың бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді, қоғамға қызмет етуге бағытталған жасампаз белсенділікті дамыту.

Республикалық олимпиаданың I-IV кезеңдерін өткізу шарттары

(I) Мектептік кезеңде үміткерлер 90 минуттың ішінде оқу материалдарынан алынған үш сұраққа толық жауап берілетін жеке жазбаша жұмыс өткізуі тиіс.

Тақырып бойынша қойылған әрбір жауап 10 ұпайға дейін бағаланады. Жалпы жазбаша жұмыс барлығы 30 ұпайға дейін бағаланады.

(II) Аудандық кезеңнің **бірінші турында** үміткерлер 90 минуттың ішінде берілген тақырып бойынша эссе жазуы тиіс.

Эссенің құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен (тезистер, мысалдар мен жеке тәжірибеге негізделген айғақтар), қорытындыдан (түйін). Жалпы эссе 10 ұпайға дейін бағаланады.

Эссені бағалау критерийлері:

1. Тақырыптың ашылу тереңдігі.
2. Тақырыпқа қатысты дәйексөздің болуы.
3. Айғақтар келтіруі (фактілер, ойшылдар мен ғалымдардың пікірлері, әйгілі адамдардың өмірінен, әдеби шығармалардан, күнделікті өмірден, жеке тәжірибеден алынған мысалдар).
4. Жеке ұстанымын білдіруі (көтерілген мәселеге қатынасы).
5. Мамзұнының жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы.
6. Қорытынды түйіннің болуы.

Хаттама үлгісі:

Т.А.Ә.	Тақырып	Бағалау критерийлері, ұпайлар			
		Тақырыптың ашылу тереңдігі	Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы	Баяндалған тақырыпқа өзінің жеке қатынасын білдіруі	Мазмұнының сауатты баяндалуы
1.					
2.					

Нәтижелерді өңдеу:

«Тақырыптың ашылу тереңдігі» бағанына тұжырымдалған тезис, қисынды құрастырылған пайымдар, әйгілі адамдардың өмірінен, әдеби шығармалардан,

күнделікті өмірден, жеке тәжірибеден алынған мысалдар үшін 1-5 аралығында ұпай, болмаған жағдайда – 0 қойылады.

«Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы» бағанына егер оң құндылық бағдарлары сипатталса – 1-2 ұпай аралығында, болмаған жағдайда немесе теріс құндылық бағдарлары үшін – 0 қойылады.

«Баяндалған тақырыпқа өзінің жеке қатынасын білдіруі» бағанына егер жұмыстың мазмұнында көтерілген мәселеге қатысты жеке пікірі сипатталса – 1-2 ұпай аралығында, болмаған жағдайда – 0 қойылады.

«Мазмұнының сауатты баяндалуы» бағанына грамматикалық, стилистикалық және фактілік қателіктер болмаса – 1 ұпай, 5-тен артық қате болған жағдайда – 0 қойылады.

Екінші турда үміткерлер 60 минуттың ішінде берілген жағдаяттарды шешеді. Әрбір үміткерге 3 жағдаяттан беріледі. Жұмыс жазбаша орындалады. Жұмыс 15 ұпайға дейін бағаланады.

Бағалау критерийлері негізінде нәтижелерді өңдеу:

«Қатынасы» бағанына егер жағдаятты шешу кезінде адамгершілік таңдау сипатталса – 1-2 ұпай қойылады.

«Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы» бағанына егер оң құндылық бағдарлары сипатталса – 1-2 ұпай аралығында, болмаған жағдайда немесе теріс құндылық бағдарлары үшін – 0 қойылады.

Берілген ой-пікір бірегей, сауатты, нақты болса, «Баяндау сенімділігі» бағанына 1 ұпай қойылады.

Хаттама үлгісі:

Т.А.Ә.	Жағдаят №	Бағалау критерийлері, ұпайлар		
		Қатынасы	Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы	Баяндау сенімділігі
1.	1.			
	2.			
	3.			
2.	1.			
	2.			
	3.			

(III) Облыстық кезеңнің **бірінші турында** үміткерлер 60 минуттың ішінде 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларын орындайды. Тест нәтижелері 25 ұпайға дейін бағаланады.

Екінші турда үміткерлерге берілген тақырыпқа баяндама жасау ұсынылады. Қатысушы баяндама тақырыбы жазылған билетті таңдап алып,

жюри мүшелеріне тақырыпты атайды. Қатысушының баяндамаға дайындалуына 20 минут беріледі. Баяндама жасауына 3-5 минут беріледі. Баяндамаға 10 ұпайға дейін қойылады.

Бағалау критерийлері негізінде нәтижелерді өңдеу:

«Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы» бағанына егер баяндауда оң құндылық бағдарлары сипатталса – 1-5 ұпай аралығында, болмаған жағдайда немесе теріс құндылық бағдарлары үшін – 0 қойылады.

Айтылған ой-пікір бірегей, сауатты, нақты болса, «Сенімділігі» бағанына 1-5 ұпай аралығында қойылады.

Хаттама үлгісі:

Т.А.Ә.	Тақырыбы	Бағалау критерийлері, ұпайлар	
		Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы	Сенімділігі
1.			
2.			

(IV) Республикалық кезеңнің **бірінші турында** үміткерлерге 120 минуттың ішінде түрлі тақырыптағы 20 дәйексөз беріледі. Дәйексөздің бірін таңдап, соның негізінде аргументативті эссе жазу ұсынылады. Жазбаша жұмыс 50 ұпайға дейін бағанады.

Аргументативті эссе – бұл ұсынылған тақырып бойынша мәселеге талдау жүргізілетін көлемі жағынан шағын мәтін. Эссе еркін құрылымға ие (кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер), сондықтан автордың өзіндік ұстанымдары аргументтер мен фактілерге негізделеді.

Эссенің міндетті компоненттері:

- ✓ ұсынылған дәйексөзді ұғыну
- ✓ мәселені анықтау
- ✓ эссенің идеяларын тезис түрінде тұжырымдау
- ✓ авторлық ұстанымды аргументациялау
- ✓ тақырып пен анықталған мәселеге авторлық баға беру

Эссенің еркін сипаты міндетті компоненттерді еркін тәртіпте сипаттауға мүмкіндік береді.

Тақырыпты ұғыну

Оқушы өзінің жеке тәжірибесіне, жеке көзқарасына сүйене отырып, дәйексөздің мағынасын түсіндіреді, дәлел ретінде көркем шығармалардан мысалдар келтіреді.

Мәселені анықтау

Берілген дәйексөз талқылауды талап ететін белгілі бір мәселені айқындауға мүмкіндік береді. Оқушы дәйексөз авторының ұстанымдарын мақұлдауы, жақтауы міндетті емес.

Эссе идеяларын тұжырымдау

Эссе идеясын тезис түрінде жазу ұсынылады. Тезисті авторлық ой, дәйексөз, фразеологизм, мақал-мәтел түрінде ұсынуға болады.

□ *Аргументация*

Тезис аргументациялауды қажет етеді. Аргумент – бұл нақты айғақтар, қоғам өмірінің құбылыстары, өмірлік тәжірибе мен жағдаяттар, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың ой-пікірлері мен әдеби шығармаларға сілтеме және т.б. Эссе мазмұнында жоғарыда аталған дереккөздерден кемінде екі аргумент пайдаланылуы керек. Аргументтер салмақты әрі сенімді болуы қажет.

□ *Тақырып пен анықталған мәселеге авторлық баға беру*

Мәселені ашу кезінде өзінің жеке көзқарасынды (ұстанымыңды, қатынасыңды) білдіру. Нақты әлеуметтік, қоғамдық маңызы бар мәселенің өзіндік шешімдерін ұсыну.

Бағалау критерилері (ең жоғары ұпай – 50):

Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай саны
Бастапқы мәтіннің мәселелерін тұжырымдау	Қатысушы эссенің кез келген бөлігінде мәселені дұрыс тұжырымдайды. Дәйексөздің мағынасын рухани-адамгершілік тұрғыда түсіндіреді.	10
	Қатысушы мәселені тұжырымдауда, дәйексөздің мағынасын рухани-адамгершілік тұрғыда түсіндіруде қиындық сезінеді.	5
	Қатысушы мәселені тұжырымдай алмады, дәйексөздің мағынасын рухани-адамгершілік тұрғыда түсіндіре алмады.	0
Адамның рухани-адамгершілік табиғаты туралы білімдердің дәлдігі	Рухани-адамгершілік құндылықтар туралы білімдерді пайдаланады, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын сөз тіркестерін кеңінен қолданады. Адамның рухани-адамгершілік табиғатындағы құбылыстарға нақты анықтамалар береді.	10
	Рухани-адамгершілік құндылықтар туралы білімдерді пайдаланады, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын сөз тіркестерін қолданады. Адамның рухани-адамгершілік табиғатындағы құбылыстардың анықтамасын тұжырымдауда қиындық сезінеді.	5
	Рухани-адамгершілік құндылықтар туралы білімдерге ие емес, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын сөз тіркестерін аз қолданады. Адамның рухани-адамгершілік табиғатындағы құбылыстарға анықтама бере алмайды.	0
Адамның рухани-адамгершілік табиғаты туралы білімдердің жалпылануы	Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері туралы, рухани дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтар туралы жоғары пайымға ие.	10
	Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері туралы, рухани дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтар туралы пайымдауда қиындық сезінеді.	5

Тұжырымдалған мәселеге түсіндірме беру	Қатысушы дәйексөзге сүйене отырып мәселе тұжырымдайды. Мәселенің өзектілігін түсіндіру үшін көркем шығармадан немесе өмірден кемінде 2 мысал келтіреді. Адамдардың ниеттері мен іс-әрекеттерінен рухани-адамгершілік себептерді оңай тани алады.	5
	Қатысушы дәйексөзге сүйене отырып мәселе тұжырымдайды. Мәселенің өзектілігін түсіндіру үшін көркем шығармадан немесе өмірден 1 мысал келтіреді. Адамдардың ниеттері мен іс-әрекеттерінен рухани-адамгершілік себептерді тануда қиындық сезінеді.	4
	Қатысушы дәйексөзге сүйене отырып мәселе тұжырымдайды, алайда мәселенің өзектілігін түсіндіру үшін көркем шығармадан немесе өмірден бірде-бір мысал келтірмейді. Адамдардың ниеттері мен іс-әрекеттерінен рухани-адамгершілік себептерді тануда қиындық сезінеді.	2
	Қатысушы дәйексөзге сүйене отырып мәселе тұжырымдай алмайды. Адамдардың ниеттері мен іс-әрекеттерінен рухани-адамгершілік себептерді тани алмайды	0
Бастапқы мәтін авторының ұстанымын сипаттау	Қатысушы дәйексөз авторының ұстанымын дұрыс тұжырымдаған. Дәйексөз авторының ұстанымын түсінумен байланысты қателіктер жоқ.	5
	Қатысушы дәйексөз авторының ұстанымын қате тұжырымдаған немесе мүлде айқындамаған.	2
Мәселе бойынша өз көзқарасын айғақтау	Қатысушы тұжырымдалған мәселе бойынша көзқарасын (автордың ұстанымымен келісіп немесе келіспей) білдірген, оны аргументациялаған (кемінде 2 айғақ келтірген)	10
	Қатысушы тұжырымдалған мәселе бойынша көзқарасын (автордың ұстанымымен келісіп немесе келіспей) білдірген, оны аргументациялаған (1 ғана айғақ келтірген)	5
	Қатысушы тұжырымдалған мәселе бойынша көзқарасын (автордың ұстанымымен келісіп немесе келіспей) білдірген, алайда оны аргументацияламаған немесе қатысушының пікірі мүлде баяндалмаған	2
Бағалау пікірлері мен өзін-өзі бағалауының дербестігі, тереңдігі	Адамгершіліксіз ниеттер мен іс-әрекеттерге қатысты сыни пікір білдіреді. Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттеріне деген құндылықтық қатынас көрсетеді.	5
	Адамгершіліксіз ниеттер мен іс-әрекеттерге қатысты сыни пікір тұжырымдауда қиындық сезінеді. Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттеріне деген құндылықтық қатынас білдіруде қиындық сезінеді.	2

Екінші турдың тапсырмасын орындау үшін үміткерлерге әлеуметтік бағыттағы жобалардың 10 тақырыбы беріледі. Тақырыптың бірін таңдап, өзінің жеке жобасын әзірлеу керек.

Әлеуметтік жоба – бұл қоғамның белгілі бір мәселесін шешуге, оны өзгертуге және өмір сапасын жақсартуға бағытталған адамның кешенді іс-әрекеті.

Әлеуметтік жобалар біздің өміріміздің түбегейлі өзгертуге болмаса да, жақсартуға болатын барлық саласын қамтуы мүмкін. Әлеуметтік жобалар жиі іске асырылатын бірнеше бағыттар бар.

1. *Білім беру және ағартушылық.* Білім, ғылым, ағартушылық, қосымша білім, ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту салаларындағы жобалар.

2. *Төтенше жағдайлар.* Халықты табиғи апаттарды, экологиялық, техногендік және басқа да апаттарды еңсеруге дайындауға, қайғылы оқиғалардың алдын алуға бағытталған жобалар.

3. *Мәдениет және өнер.* Мәдениет, өнер, мәдени мұра нысандарын сақтау және насихаттау саласындағы жобалар.

4. *Өмір сапасы.* Егде жастағы адамдардың өмір сапасын арттыруға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен олардың отбасын әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жобалар.

5. *Денсаулық және медицина.* Денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау саласындағы жобалар.

6. *Дене тәрбиесі және спорт.* Дене тәрбиесі, бұқаралық спортты қолдау мен насихаттау саласындағы жобалар.

7. *Жастар қозғалысы.* Балалар мен жастардың қоғамдық қозғалыстарын дамытуға бағытталған жобалар.

8. *Ұлтаралық келісім.* Экстремизмнің алдын алуға, ұлтаралық келісім мен азаматтық бірлікті нығайтуға бағытталған жобалар.

9. *Экология.* Экологиялық білім беруге, табиғатқа қамқорлық көрсетуге бағытталған жобалар.

10. *Ауыл.* Ауыл тұрмысын жақсартуға бағытталған жобалар.

Әлеуметтік жобаны қоғам мәселелеріне бей-жай қарамайтын кез келген адам әзірлей алады. Мұнда арнайы білімнің қажеті жоқ, бастысы – өзіңнің не істеп жүргенінді, кім үшін істеп жүргенінді және қандай нәтижеге қол жеткізгің келетіндігін түсіну.

Әлеуметтік жобаның мазмұны келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

- мәселенің айқындалуы;
- жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жобада қолданылатын әдістер;
- жобаға қатысушылар;
- іс-шаралар жоспары:
 - а) іс-әрекеттер;
 - б) мерзім;
 - в) жауаптылар;
 - г) ресурстар;
- күтілетін нәтижелер.

Жоба іс-әрекеттердің қисынды жоспарлануы негізінде әзірленеді. Мысалы, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша республикалық олимпиаданың тапсырмасы ретінде жобалауды орындау келесі іс-әрекеттерден тұрады.

1. Нақты әлеуметтік жағдайды сипаттаңыз, жоба көмегімен шешкіңіз келетін мәселені айқындап алыңыз.

2. Жобаңыздың нысанын анықтаңыз. Жоба нәтижесінде нысан оң өзгерістерді сезінуі қажет.

3. Жобаның географиясын анықтаңыз. Нақты қай жерде жобаңызды іске асырасыз.

4. Жобаның мақсатын тұжырымдаңыз. Мақсат нақты, қол жетімді, маңызды, өлшеуге болатын, уақытпен шектеулі болуы қажет (SMART мақсаттар кою).

5. Жобаның міндеттерін – мақсатқа жеткізетін қадамдарды тұжырымдаңыз.

6. Нақты мерзімдерді, орындаушыларды, қажетті ресурстарды көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын құрыңыз.

7. Ұжымыңыздың құрамын ойластырыңыз, олардың міндеттері мен қызметтерін белгілеңіз.

8. Материалдық ресурстарды, жобаның бюджетін есептеңіз.

9. Жобадан күтілетін нәтижелерді тұжырымдаңыз.

Әлеуметтік жобаны бағалау жүйесі

№	Бағалау критерилері	Ұпайлар
1.	Жобаның өзектілігі	2
2.	Жобаның рухани-адамгершілік бағыттылығы, қоғамға қызмет ету идеяларының сипатталуы	2
3.	Жоба идеяларының креативтілігі, оригиналдылығы	2
4.	Жоба ауқымының оңтайлылығы	2
5.	SMART бойынша мақсаттардың құрылуы	2
6.	Қойылған міндеттердің мақсатқа жетуге бағытталуы	2
7.	Іс-шаралар жоспарының егжей-тегжейлі құрылуы	3
8.	Іс-шаралардың мақсат-міндеттерге сәйкестігі	2
9.	Кадрлық қамтамасыз ету стратегиясының әзірленуі	2
10.	Материалдық ресурстардың оңтайлылығы	2
11.	Әлеуметтік жобаның жаңа жағдайларда іске асырылу мүмкіндігі	2
12.	Жобаның шынайылығы	2
	Барлығы:	25 ұпай

«Өзін-өзі тану» пәнінен республикалық олимпиадаға арналған тапсырмалардың үлгісі

**«Өзін-өзі тану» пәні бойынша олимпиаданың
II кезеңін (аудандық) өткізуге арналған эссе тақырыптары**

9 сынып

№	Эссе тақырыбы
1.	Адамның өмірге келудегі мақсаты
2.	Ойдың, сөздің және істің бірлігінде өмір сүру
3.	Рухани кемелдену жолында
4.	Отбасы мүшесі болу
5.	Сыртқы және ішкі сұлулық
6.	Мен, сенің өміріңнің жалғасымын

10 сынып

№	Эссе тақырыбы
1.	Ғылыми-техникалық даму және адамгершілік
2.	Менің құндылықтарым
3.	Адамның қажеттіліктері мен қалаулары
4.	Менің отбасымның құндылықтары
5.	Таңдау еркіндігі
6.	Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...
7.	Махаббатпен жаратқан адамзатты
8.	«...Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан»
9.	Адамдық борышың...
10.	... Ізгі жүрек ізгілігін сатпайды (Ж.Баласағұни)

11 сынып

№	Эссе тақырыбы
1.	Ар-ұждан дауысын есту
2.	Бақытты отбасы
3.	Мамандық таңдау
4.	Адам өз өміріне жауапты
5.	Әлеуметтік желідегі өмір
6.	Ерікті (волонтер) болу – жүректің ісі
7.	Тіршілік тірегі – сүйіспеншілік
8.	...Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін
9.	Бақытты болу өз қолыңда
10.	Жақсылық жалғасын табады

**«Өзін-өзі тану» пәні бойынша олимпиаданың
II кезеңін (аудандық) өткізуге арналған жағдаяттар**

№	Құрдастар
1.	Сыныбыңыздағы оқушылар екі топқа бөлініп, шығармашылық байқауда жарыспақ. Сіз – бір топтың басшысысыз. Байқауға аз қалғанда Сізге бәсекелес топқа түскен сыныптас досыңыз келіп тобыңызға қабылдауды өтінеді. Алғыс ретінде ол Сізге бәсекелес топ жөнінде мол ақпарат беретіндігін айтады. Ол ақпараттар бәсекелес топтың жоспарларын күл-талқан етіп, Сіздің тобыңыздың жеңіске жетуіне септігін тигізеді. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?

2.	Сіз – сынып старостасысыз. Мемлекеттік емтиханда қандай тапсырмалардың берілетіндігін алдын ала біліп алдыңыз. Бұл ақпаратты өзіңіз қолданып, жоғары баға алуыңызға болады. Егер бұл ақпаратты сыныптастарыңызға айтатын болсаңыз, олар да пайдаланып, олардың да бағалары жоғары болады. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
3.	Сіз мектеп президенті қызметіне үміткерсіз, сайлауға қатысудасыз. Сізбен бірге сыныптас досыңыз да сайлауға түсіп жатыр. Ол досыңыздың мектеп парламентінде сізден әлдеқайда жақсы жұмыстар атқаратындығын білесіз. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
4.	Сіз басқа қаладан сөмке сатып алдыңыз. Үйге келген соң әлгі сөмке мүлдем көңіліңізден шықпай қалды. Сыныптасыңызға сөмке қатты ұнап, оған сатуыңызды сұрап тұр. Бағасын ешкім білмейді, сондықтан сіз кез келген бағаны қоя аласыз. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
5.	Сіз еріктілер тобының мүшесісіз. Сіздің қызметіңізді ұйымдастыратын жетекшінің іс-әрекеттері көңіліңізден шықпай жүр. Сіз жетекшіңізді жоғары басшылықтың алдында ұятқа қалдыратын айғақтарды тауып алдыңыз. Егер бұл ақпаратты жария қылсаңыз, оны жетекшіліктен босатуы мүмкін. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
6.	Теледидардан сүйікті бағдарламаңды көріп отыр едің, досың телефон шалып, үй тапсырмасын орындауға көмектесуінді сұрады. Сіздің әрекетіңіз?
7.	Алмас – үздік оқушы. Мектептен көңілсіз оралды. Анасына бағалау қорытындысының әділ жасалмағанын айтты. Анасы оның бұл пікірін немен дәлелдейтінін сұрап еді. Алмас үндемей қалды. <ul style="list-style-type: none"> • <i>Алмасың әрекетіңіз себебі неде?</i> • <i>Алмасың анасы неліктен оны тоқтатты?</i>
8.	Азамат сыныптастарының барлығының жетістігін, қуаныштарын өзінікіндей көріп, қуанады. Ол басқаларға көмектесуге, оларды қуантуға әзір тұрады. Алайда, сыныптастарының біразы Азаматты түсінбейді. Кейде келемеждеп, күледі. <ul style="list-style-type: none"> • <i>Азамат қандай адам?</i> • <i>Сыныптастарына қандай құндылықтар мен қасиеттерді тілер едіңіз?</i>
9.	<small>Сіздің байқауыңызша, сыныптас жолдасыңыз соңғы кезде сабаққа, қоғамдық жұмыстарға неғұрдай қатысып, томаға тұйық жүр. Оның сабақ үлгерімі де төмендеп кетті. Осы жағдайда сіз не істейсіз?</small>
10.	<small>Сіз бұл сыныпқа жаңадан келген оқушысыз. Сыныптастарыңыз адамды білімі бойынша бағалап, адамгершілік қасиеттеріңізді байқай бермейтін тәрізді. Сіздің әрекетіңіз.</small>
№	Отбасы
1.	Сіздің отбасыңыз материалдық қиындықтарға тап болды. Көшеден ішінде қомақты қаражаты бар әмиян тауып алдыңыз. Ақшадан бөлек визитка да шықты, иесінің аты-жөні мен мекен-жайы толық көрсетілген. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
2.	Сіз әжеңізбен бірге адам толы троллейбусқа міндіңіз. Өзіңізбен қарайлас құрдастарыңыз қасыңыздағы қарт адамның мінгенін көрсе де, байқамаған кейіп танытып, орын беретін ойлары жоқ. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
3.	Сіздің әкеңіз табысты фирманың қызметкері. Онымен бірге істейтін әріптес досының жұмыста өрескел қателік жіберіп, фирма басшылығының оны жұмыстан шығармақшы екендігін және әкеңізге оның үстінен шағым-арыз жазуды ұсынып, ол үшін жоғары лауазым мен жалақы тағайындамақ екендігін кездейсоқ естіп қалдыңыз. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
4.	Сіз атақты шетелдік жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігіне ие болдыңыз. Алайда, отбасы мүшелеріңіздің бірі қатты сырқаттанып, үнемі күтімді қажет ететін жағдайға душар болды. Сіздің шешіміңіз қандай болмақ?
5.	Сіз бауырыңыз екеуіңіз сүйікті әншілеріңіздің концертіне баруды бұрыннан армандап жүрсіздер. Армандаған билет ақыры қолдарыңызға тиді, бірақ жалғыз ғана билет. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?

6.	Айманға үй тапсырмасы ретінде берілген «Біздің отбасымыздағы адамгершілік құндылықтар» тақырыбындағы эссені жазу қиынға соқты. Сіз қалай орындар едіңіз.
7.	Мұрат бүгінгі сабақтағы мұғалімнің «Отбасында баланың ең бірінші міндеті – ата-аналарын құрметтеу. Егер сен, ағанды тыңдасаң, сені інің тыңдап, сыйлайтын болады. Отбасындағылар бір-біріне риясыз қызмет етсе, сол отбасында бақыт, қуаныш, шаттық, жақсылық болады» деген пікірін түсіне алмады. Сіз қалай түсіндірер едіңіз?
8.	<p>Атасы немересіне:</p> <p>– Тек қана кітаптан ғана білім алмайсың, білімді барлығынан да ұшқан құстан, жорғалаған жәндіктен де алуға болады.</p> <p>«Білген адамға табиғат та, дос та, ұстаз да, іні-қарындас та кітап», – деді.</p> <p>Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сіздер қалай түсіндірер едіңіздер? • Өздеріңіз білімді қайдан аласыздар?
9.	<p>Атасы немересіне:</p> <p>– Балам, әрдайым бізді басқалар жақсы болғанымыз үшін жақсы көретіндей көрінеді. Бірақ та олай емес, бізді жақсы көрген адамдар өздері жақсы болғандықтан сүйіспеншілік танытады – деді.</p> <p>Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сіздер қалай түсіндірер едіңіздер? • Атайдың ойымен келісесіз бе? Неліктен?
10.	<p>Атасы: – «Балам, ескенде кім болғың келеді?», – деп сұрады.</p> <p>Немересі: – Ата, қаржыгер болғым келеді, – деді де, асығыс ойын әрі қарай жалғастырды. – Адам бақытты болып, армандаған мақсат-мұратына жету үшін ақшаң көп болуы керек емес пе?</p> <p>Атасы: – «Иә, балам. Ақшаң болғаны жақсы бірақ, пайда ойламай, ар-ұят ойлау маңызды сияқты. Өйткені өмірде барлығы да өтпелі, ақша да, байлық та, тіпті біз де бір-бірімізге қонақпыз, сондықтан, кім болсақ та, мүмкін қаржыгер, әнші, дәрігер болармыз, бірақ біздің жақсы адам, жақсы дәрігер, жақсы қаржыгер болғанымыз маңызды», – деді атасы.</p> <p>Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сіздер қалай түсіндірер едіңіздер? • Атайдың ойымен келісесіз бе? Неліктен?
№	Қоғам
1.	Сіз аялдамада тұрсыз. Адам көп. Автобус келіп тоқтады, адамдардың барлығы мінуге асықты. Сіз де. Есік алдында қысым пайда болды. Сіз автобустың ішіне кіріп үлгердіңіз, сол сәтте сіздің дәл артыңыздағы адамның аяғы тайып, құлайды. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
2.	Сіз еріктілер тобының мүшесісіз, маңызды шараларға жауаптысыз. Сізге оқушы үшін қомақты жалақы төлейтін басқа ұйымнан ұсыныс түсіп тұр, шешімді жедел қабылдау қажет. Егер Сіз кететін болсаңыз, Сіздің орныңызға дайын тұрған ешкім жоқ болғандықтан жоспарланған іс-шаралар аяқталмай қалады. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
3.	Сіз тұрғылықты мекеніңізден қашықта орналасқан базардан сырт киім сатып алғалы тұрсыз. Ол жер алыс болғандықтан өте сирек келесіз. Сіздің ақшаңыз сәл жетіңкіремей тұр. Сатушы сізге сенетінін және қалған ақшаны ертең әкеліп беруге болатындығын айтты. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
4.	Сіздің көршіңіздің отбасында емізулі жас сәби бар. Сәбидің әкесі іс-сапарда, анасы науқастанып жатыр. Сізге сүт асханасына барып, баланың арнайы тағамын әкеліп беруді өтінеді. Алайда сізге мектепке бару керек, дайындық тестіне қатысуыңыз қажет. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
5.	Сізге анаңыз дүкеннен тіс пастасын сатып алуға ақша берді. Анаңыздың берген ақшасы 100 мл пастаны алуға жетеді. Алайда, сізге би кешіне кіруге аз ақша

	жетпей тұр. Егер сіз 75 мл паста алатын болсаңыз, артылған ақшаны би кешіне жаратуға болайын деп тұр. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болмақ?
6.	<p>Арман мен Ардақ автобуста келе жатыр еді. Автобуста бір әжей өзін нашар сезінді. Ардақ әжейге тез барып «Әже, сәл шыдаңыз, мен қазір жедел жәрдемге телефон соғамын», – деді де жедел жәрдем шақырды. Арман оларды тек бақылап қана тұрды.</p> <p>Жедел жәрдем әжейді ауруханаға алып кетті.</p> <p>Арман Ардақтан: Әжейді танысың ба? – деп сұрады.</p> <p>Ардақ ол әжейді танымайтын еді...</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Неліктен Ардақ әжейге көмектесуге асықты?</i> • <i>Арманға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыз?</i> • <i>Неліктен барлық адамдарға риясыз жақсылық жасау керек деп ойлайсың?</i>
7.	<p>Атасы немересіне:</p> <p>– Егер адам бақытты өзі үшін іздесе, бақыт жақындаудың орнына қашады. Ал оны өзгелер үшін іздесе, онда ол адамды өзі табады...</p> <p>– Білгенге қолындағы барына қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам.</p> <p>– Балам, алудан гөрі беруге ниеті көбірек ауатын кісі бақытты. Олар «Бер» дегеннен гөрі «беремін» дегенді көбірек ойлайды және жасайды. Ондай адамдар қайырымы мен жәрдемін байқатпай істейді және міндет етпейді - деді.</p> <p>Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіздер қалай түсіндірер едіңіздер?</i> • <i>Өздеріңіз бақытты қайдан іздейсіздер?</i>
8.	<p>Атасынан немересі:</p> <p>– Адам бақытты болып, армандаған мақсат-мұратына жету үшін не істеу керек? – деп сұрады. Атасы:</p> <p>– Әрқашан, қай жерде болмасын ойына, ниетіңе, ісіңе, сөзіңе жауапкершілікпен қара, – деді сабырлы кейіппен. Немересі:</p> <p>– Сонда бақытқа жетудің жолы осы-ақ па? – деді.</p> <p>– Әрине, балам. Жауапкершілік – өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қарау. Ондай адам ешкімге оймен, сөзбен, іспен қиянат жасамайды. Барлығына байыппен қарайды. Ал жауапсыздық – неге болса да немқұрайды қаратып, ұятқа қалдырады, – деп жауап берді атасы.</p> <p>Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіздер қалай түсіндірер едіңіздер?</i> • <i>Өздеріңіз адам бақытын жауапкершілікпен байланыста қарай аласыздар ма?</i>
9.	Сіз еріктілер қызметі бойынша жылдық есеп беру шарасына дайындалып жатырсыз. Көршіңіз онымен бірге поштаға барып, сәлемдемесін алып келуге көмектесуіңізді сұрайды. Сіздің әрекетіңіз?
10.	<p>Бақтияр «Өзін-өзі тану» сабағынан үйге берілген төмендегі тапсырманы түсінбеді: «Мені жақсылыққа бастар жол» тақырыбында эссе жазыңыздар.</p> <p>✓ Жақсы болындар.</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жақсылықтыойландар. ✓ Жақсылықтыайтындар. ✓ Жақсылықтытыңдаңдар. ✓ Жақсылықтыкөріңдер. ✓ Жақсыәрекетжасандар. ✓ Жақсылыққажеткізержол – осы. <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіз қалай түсіндірер едіңіз? Себебін нақты дәлелдермен көрсетіп жазыңыз.</i>

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша олимпиаданың

III кезеңін (облыстық) өткізуге арналған тест сұрақтары

Бөлім 1. Анықтама

1-тест

Жомарттық дегеніміз:

А) Бір адамның екінші адамға немесе адамдар тобына қарымтасыз, міндеттеусіз қызмет қылып, жақсылық жасауға шын пейілділігі, нақты ісі арқылы көрінетін өте жақсы қасиет.

В) Адамның өзінің маңындағы нәрселер мен құбылыстарды танып білудегі сезімталдығын, ақыл-ойының ұшқырлығын, ойлау әрекетінің орамдылығын білдіретін даралық қасиеті.

С) Адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

2-тест

Кешірімділік дегеніміз:

А) Шиеленісте белгілі бір шешімге келердің алдында, не істі орындау кезінде адамдар арасындағы көзқарастар.

В) Адам бойындағы жақсы қасиет, пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарау. Адамның оқыс істері мен қоғамға зиянды іс-әрекет жасағаны анықталғанда, оған адами тұрғыдан кеңшілік жасап, залалды істерінің мән-жайын түсіндіру, гуманистік қамқорлық жасау, кеңшілік көрсету.

С) Айналасына жайлы, қолы ашық, пейілі жомарт адам.

3-тест

Кішіпейілділік дегеніміз:

А) Жеке адамның айналасындағыларға қатысы жөнінен өзінің қандайда бір алабөтен артықшылығы немесе құқықтары бар деп санамау, жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы.

В) Белгілі бір істі орындап шығуға мүмкіндік беретін адамның жеке басының қасиеті. Адамның жеке психологиялық ерекшелігі.

С) Алған бетінен қайтпайтын, өмір жолында кездескен қиыншылықтарға мойымайтын өршіл мінез.

4-тест

Мейірімділік дегеніміз:

А) Адамның өмірлік беталысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты.

В) Адамның бір-біріне жылылығын білдіріп, оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, адамның шат-шадыман тіршілігі үшін аса маңызды қасиет. Ол тек жақсылық ойлаушының басқаға игі әрекет көрсетуі, игілік жасауы.

С) Жеке адамның өзіне, өмір сүрген ортасына, табиғатқа қатынасын білдіретін сипаттары.

5-тест

Риясыз:

А) Бірдеңені шын көңілмен емес, тек басқаға көз қылып көрсету үшін.

В) Шын ықыласпен істелген, қалтықсыз, бүкпесіз.

С) Шын ниетпен емес, мақтан үшін.

6-тест

Сабыр дегеніміз:

А) Өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру.

В) Адамның өзін-өзі билеуі, ісіне, әрекетіне, алдына қойған мақсатына ісін бағындыра білуі, қиыншылықтарды жеңіп, өзінің сезімдерін қадағалауды жүзеге асыра алуы, айналасындағылардың қарсылығына тап келгенде, торықпауы немесе шалт қимылдарға бармауы.

С) Адамның бір нәрсеге қанағаттанғандығын білдіретін қуаны, сүйініш сезімі.

7–тест

Сабырлылық дегеніміз:

А) Адамдардың мақсаткерлік әрекеті, объективті болмысты игеру және түрлендіру әрекеті.

В) Адамның өз мінез-құлқын басқарып, иелік ете алуы, ашулы, ызалы кезінде, қиын жағдайға тап болғанда, өмірлік мәселелерді шешкен кезде өзін-өзі ұстай білуі.

С) Әрбір адамның өзінің тіршілігін және әрекеттерін сезінуі.

8–тест

Тәртіптілік дегеніміз:

А) Амалсыз атқаратын міндет емес, іштей мойындап, қажет саналған талап.

В) Бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буғандық.

С) Ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық игілік жасауға бағытталған адамның қызметі.

9–тест

Ұстамдылық дегеніміз:

А) Адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелігін, қарапайымдылығын білдіретін ұғым.

В) Бұл адамның өз мінез-құлқын бақылай білуі, ашулы кездерде, ызаланған сәттерде, ауырғанда, өмірдің қиын мәселелерін шешкен шақта шыдамдылық көрсету және өрескел мінез-құлық пен артық әрекеттен бас тарту.

С) Тәртіптілікті, тыңғылықтылықты, дәлме-дәлдікті және жұмыста да жинақылықты, ал сырт көрінісінде де тап-тұйнақтай, сайма-сай мінсіз болуды жақсы көретін жеке бастың қасиеті.

10–тест

Асар:

А) Жабылып бірге жұмыс істеуге, көмекке шақыру.

В) Ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.

С) Инабатты, ізетті, тәртіпті, биязы, сыпайы.

11–тест

Азаматтық парыз:

А) Адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.

В) Бұл адамның өз үй-ішіне, отбасына қатынасын білдіретін терең көңіл-күйі.

С) Адамның белгелі бір құбылыс не күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті

12–тест

Дарқандық дегеніміз:

А) Адам қабілетінің ерекше дамыған түрі.

В) Адамның мінез-құлқындағы кеңпейілдік, оның мінезіндегі, айналадағы нәрселер мен құбылыстарға байсалды қарым-қатынасын білдіретін ұнамды және тұрақты қасиеті.

С) Жеке тұлғаның, халықтың, ұлттың т.б. әлеуметтік ортаның ешкімге тәуелсіз болмысы, бітімі, ұстанымы.

13–тест

Жалпыадамзаттық құндылықтар:

А) Барлық адамдардың бірлігі ретінде адамзат үшін, сонымен қатар қоғамның және азаматтардың қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен мұқтаждықтарына жауап беретін немесе жауап беруге тиіс кез келген мемлекет үшін өте маңызды.

В) Адамгершіліктің қайнар көзі – руханилық, ал адамгершілік оның сыртқы көрінісі болып табылады.

С) Бұл табиғи күштердің және жан қабілеттерінің (ақыл, сезім, ерік) құндылықтары.

Бөлім 2. Дәйексөз

14–тест

Абай Құнанбайұлының нақыл сөзін толықтырыңыз: «Атымды ... қойған соң, қайтып ... болайын»

- А) атам, жаман
- В) адам, надан
- С) халық, бодан

15–тест

Антон Чеховтың пікірінше, адам бойындағының бәрі – бет пішіні, киім киісі, жан дүниесі, ақыл-ойы да қандай болуы тиіс?

- А) сұлу
- В) үйлесімді
- С) салмақты

16–тест

«Ата-ананың қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас» дәйексөзінің авторы кім?

- А) әл-Фараби
- В) Міржақып Дулатов
- С) Бауыржан Момышұлы

17–тест

«Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын» дәйексөзінің авторы кім?

- А) Абай Құнанбайұлы
- В) Бауыржан Момышұлы
- С) Нұрсұлтан Назарбаев

18–тест

«Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық ар сатпайды» дәйексөзінің авторы кім?

- А) Абай Құнанбайұлы
- В) Шәкәрім Құдайбердіұлы
- С) Лев Толстой

19–тест

Абай Құнанбайұлының пікірінше, қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты –

- А) данышпан
- В) ғалым
- С) адам

20–тест

Шәкәрім Құдайбердіұлының қанатты сөздерін толықтырыңыз: Жайнар көңіл, қайнар өмір, ілімі оқылса.

- А) ар
- В) ғарыш
- С) өзін-өзі тану

21–тест

Платонның «Басқаларды бақытты етуге тырыса отырып, өз бақытымызды табармыз» қанатты сөзінің мазмұнында сүйіспеншіліктің қандай түрі баяндалған?

- А) өзара сүйіспеншілік

В) өзімшіл сүйіспеншілік

С) риясыз сүйіспеншілік

22–тест

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлең шумағын толықтырыңыз:

Адамдық борышың,

..... еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

..... сақта, оны біл.

А) өзіңе, жан

В) халқыңа, ар

С) ақыға, жол

23–тест

Абай Құнанбайұлының «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген сөзінің мазмұнында қандай адам сипатталған?

А) Адал адам

В) Айлакер адам

С) Ақылды адам

Бөлім 3. Мәтін

Үшқан ұя

Б. Момышұлы

Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...

